Адрес производителя: (Мэтан-донг) 129, Самсунг-ро, Йонгтонг-гу, Сувон-си, Гйонгги-до, Корея, 16677

Адрес мощностей производства: ЛОТ 2, ЛЕБУХ 2, НОРС КЛАНГ СТРЕЙТС, ЭРИА 21, ИНДАСТРИАЛ ПАРК, 42000 ПОРТ КЛАНГ, СЕЛАНГОР ДАРУЛ ЭСАН, МАЛАЙЗИЯ

Страна производства: Малайзия

Импортер в России: ООО «Самсунг Электроникс Рус Компани»

Адрес: Российская Федерация, 123242, г. Москва, Новинский бульвар, д. 31, помещение 1, 2

Примите к сведению, что гарантия Samsung HE распространяется на вызовы специалиста сервисного центра, осуществляемые с целью получить пояснения по работе изделия, исправить неправильную установку, выполнить нормальную очистку или техническое обслуживание.

ВОПРОСЫ ИЛИ КОММЕНТАРИИ?

СТРАНА	ТЕЛЕФОН	ВЕБ-САЙТ
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com/ru/support
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.com/ru/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/ge/support
ARMENIA	0-800-05-555	www.samsung.com/ru/support
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	www.samsung.com/az/support
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/kz_ru/support
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799, 0799 (Uztelecom))	www.samsung.com/uz_ru/support
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	www.samsung.com/kz_ru/support
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7779)	www.samsung.com/kz_ru/support
MONGOLIA	1800-25-55	www.samsung.com/kz_ru/support



Микротолқынды пеш

Пайдаланушы нұсқаулығы

MS23DG4504A***



SAMSUNG

Мазмұны

Қауіпсіздік нұсқаулары	3
Қауіпсіздікке қатысты маңызды нұсқаулар	3
Қауіпсіздікті сақтауға қатысты жалпылама ескертулер	5
Микротолқынды пешті іске қосуға қатысты сақтық шаралары	6
Шектеулі кепілдік	6
Құрылғы тобының сипаттамасы	6
Аталған өнімді дұрыс пайдалану (Электр қуатын шығындау және Электрондық жабдық)	6
Орнату	7
Керек-жарақтары	7
Орнатылатын орын	7
Бұрылмалы табақ	7
Күтім көрсету	8
Тазалау	8
Ауыстыру (жөндеу)	8
Ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде күтім көрсету	8
Пештің функциялары	9
Пеш	9
Басқару панелі	9
Пешті іске пайдалану	10
Микротолқынды пеш қалай жұмыс жасайды	10
Микротолқынды пештің дұрыс жұмыс жасап тұрғанын тексеру	10
Пісіру/Қыздыру	11
Уақытты орнату	11
Қуат деңгейлері және уақыт өзгерістері	12
Пісіру уақытын реттеу	12
Пісіруді тоқтату	13
Қуатты үнемдеу режимін орнату	13
Үй десерті пайдалану	13
Үй рецепті сипаттамалары	16

Жылдам жібіту функцияларын пайдалану	23
Жылы ұстау функцияларын пайдалану	24
Иісті кетіру функцияларын пайдалану	25
Құлыптау функцияларын пайдалану	25
Таңдаулы рецепт функцияларын пайдалану	25
Таңдаулы рецепт параметрін пайдалану жолы	26
Сигнал құралын өшіру	26
Ыдысқа қатысты нұсқаулар	26
Тағам пісіруге қатысты ақыл-кеңес	27
Ақаулық себептерін анықтау және ақпарат коды	33
Ақаулық себептерін анықтау	33
Ақпарат коды	35
Техникалық параметрлері	36

ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЫСТЫ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР

МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫП, КЕЛЕШЕКТЕ ҚОЛДАНУ ҮШІН САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.

ЕСКЕРТУ: Егер есік немесе есік тығыздағыштарына нұқсан келсе, микротолқынды пешті уәкілетті техник маман жөндегенше іске қосуға болмайды.

ЕСКЕРТУ: Микротолқын қуатынан қорғайтын қақпақты алуды қажет ететін жөндеу немесе техникалық күтім көрсету жұмыстарын, білікті маманнан басқа адамдар жүзеге асырса, бұл олар үшін қатерлі.

ЕСКЕРТУ: Сұйық тағамдар мен басқа да тағамды тұмшаланып жабылған сауыттарда қыздыруға болмайды, себебі олар жарылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ: Балаларға пешті дұрыс қолданбағанда қатерлі жағдайлардың орын алатындығын түсіндіріп, оларға тиісті нұсқаулар бергеннен кейін ғана пешті ешкімнің қадағалауынсыз пайдалануға рұқсат беріңіз.

Бұл құрылғыны үйде ғана пайдалану керек және төмендегі жерлерде пайдалануға болмайды:

- дүкендердің ас бөлмелерінде, кеңселерде және басқа жұмыс орындарында;
- ферма үйлерінде;
- қонақ үйлердің, мотельдердің және басқа тұрғынды жерлердің қонақтары;
- таңғы ас және төсекпен қамтамасыз ететін қонақжайлар.

Микротолқынды пештерде қолдануға жарамды ыдыс-аяқтарды ғана қолданыңыз.

Тағамды пластик немесе қағаз сауыттарға салып қыздырған кезде, пештен көз алмаңыз, себебі бұлар тұтап кетуі мүмкін.

Бұл құрылғыны ас дайындаудан басқа мақсаттармен пайдаланбаңыз. Киімді кептіру және жылытқыш төсеніштерді, аяқ киімдерді, жөкелерді, дымқыл киімдерді немесе сол сияқты заттарды жылыту салдарынан жарақат алу, тұтану немесе өрт шығу қаупі бар. Бұл құрылғыны тек осы нұсқаулықта көрсетілген жолмен ғана қолданыңыз. Бұл құрылғының ішіне немесе үстіне коррозиялық химикаттарды немесе буларды салмаңыз. Пештің бұл түрі асты жылытуға, пісіруге немесе құрғатуға арналған. Ол өндірісте немесе зертханада пайдалануға арналмаған.

Егер түтін байқалса (шықса), құрылғыны сөндіріңіз немесе тоқтан ағытыңыз және жалынды басу үшін есікті ашпаңыз.

Сусындарды микротолқынды пеште қыздырған кезде кенет тасып төгілуі мүмкін, сондықтан сауытты ұстаған кезде абайлау керек.

Баланы тамақтандыратын шөлмектің және балалар тағамы салынған қалбырлардың ішіндегісін берер алдында араластыру немесе шайқау керек және күйіп қалмас үшін температурасын тексеру керек.

Қауіпсіздік нұсқаулары

Микротолқынды пеште қабығы аршылмаған және бітеулей пісірілген жұмыртқаларды қыздыруға болмайды, себебі микротолқынмен қыздырып болғаннан кейін де жарылып кетуі мүмкін.

Пешті мезгіл-мезгіл тазалап, тағам қалдықтарын алу керек.

Пешті таза ұстамасаңыз, оның бетінің сапасы кетіп, уақытынан бұрын істен шығып, қатерлі жағдайлар орын алуы мүмкін.

Микротолқынды пешті тек ас үй қаптамасының үстіне (жеке қойып) қойып пайдалану керек, микротолқынды пешті жиһаздың ішіне қоюға болмайды.

Микротолқынмен пісірген кезде тағам және сусындарға арналған темір сауыттарды пайдалануға болмайды.

Пештен ыдыстарды алып жатқанда бұрылмалы табақты орнынан тайдырып алмау үшін абау болуы керек.

Құрылғыны бумен тазалағыш құралмен тазалауға болмайды.

Құрылғыны су құйып жууға болмайды.

Бұл құрылғы көлік құралдарына, ұзақ жолсапар көліктеріне немесе сол сияқты көліктерге орнатуға арналмаған.

Бұл құрылғы кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар (балаларды қоса алғанда) қолдануға арналмаған. Олар осы құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс.

Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек.

Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және одан асқандар ғана қолдануға тиіс және кембағал, сезім жүйесі дамымаған немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар құрылғыны қауіпсіз қолдану, қатерлі жағдайлар туралы нұсқау алса немесе тиісті адамның қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс.

Балалар құрылғымен ойнамауға тиіс. Балаларға ересектердің бақылауынсыз тазалауға және жөндеуге тыйым салынған.

Қорек сымына зақым келсе, қатерлі жағдай орын алмас үшін оны өндіруші, өндірушінің уәкілетті агенті немесе білікті адам ауыстыруға тиіс.

Пештің камерасына және басқару панеліне қол оңай жету үшін, оны дұрыс бағытта және биіктікте орнату керек.

Пешті ең алғаш рет іске қосар алдында, пештің ішіне су қойып 10 минут қосу керек, содан кейін қолдана беруге болады.

Егер пештен тосын шуыл, көңірсіген немесе түтін иісі шықса, ашаны дереу розеткадан суырыңыз да, жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Микротолқынды пештің ашасына қол жететіндей етіп орнату керек.

Қауіпсіздікті сақтауға қатысты жалпылама ескертулер

Кез келген өзгеріс енгізу немесе жөндеу жұмыстарын білікті маман ғана орындауға тиіс.

Тұмшаланған сауыттардағы тағамды немесе сұйықты микротолқын функциясымен қыздырмаңыз.

Пешті бензол, сұйылтқыш, алкоголь, бумен немесе жоғары қысыммен тазалағыш заттармен тазаламаңыз.

Пешті қыздырғыштың, тұтанғыш заттың қасына орнатпаңыз; ылғалды, майлы немесе шаңды жерге қойып немесе күн сәулесі тура түсетін және су ағатын немесе газ шығуы мүмкін жерге, тегіс емес жерге қоймаңыз.

Бұл пешті жергілікті және мемлекеттік стандарттарға сай жерге дұрыс тұйықтау керек.

Пештің ашасы қосылатын ағытпалар мен контакт түйіспелеріндегі қоқыстарды тазалау үшін құрғақ шүберекті жиі пайдаланыңыз.

Қуат сымын қатты тартпаңыз, майыстырмаңыз немесе оның үстіне ауыр зат қоймаңыз.

Газ жылыстап шықса (мысалы, пропан, сұйылтылған газ т.б.) бөлмені дереу желдетіңіз. Қуат сымына қол тигізбеңіз.

Қуат сымын дымқыл қолмен ұстамаңыз.

Пеш жұмыс істеп тұрғанда, қуат сымын желіден ағытып сөндіруге болмайды.

Саусақтарыңызды немесе бөгде затты сұқпаңыз. Егер пешке бөгде зат кіріп кетсе, ашаны розеткадан суырыңыз да, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Пешке шамадан тыс күш салмаңыз немесе баспаңыз.

Пешті осал заттардың үстіне қоймаңыз.

Кернеу, жиілік және тоқ параметрлерінің, техникалық параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз.

Ашаны қабырғадағы розеткаға мықтап сұғыңыз. Көп ашалы адаптерді, ұзартқыш сымдарды немесе электр трансформаторын қолданбаңыз.

Қуат сымын металл заттарға іліп қоймаңыз. Қуат сымының заттардың арасында немесе пештің артында болуын қамтамасыз етіңіз.

Бүлінген қуат ашасын, қуат сымын немесе босап қалған розетканы қолданбаңыз. Зақым келген қуат ашалары немесе сымдары үшін жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Пешке су құюға немесе суды тура бүркуге болмайды.

Пештің үстіне, ішіне немесе пеш есігінің үстіне зат қоймаңыз.

Құрт-құмырысқаларды құртуға арналған бүріккіш тәрізді тұтанғыш затты пешке шашпаңыз.

Пештің ішіне тұтанғыш зат салып сақтауға болмайды. Құрамында алкогольі бар тағамды немесе сусындарды қыздырған кезде өте сақ болыңыз, себебі алкоголь буы пештің ыстық бөліктеріне тиіп кетуі мүмкін.

Балалар есікке соғылып қалуы немесе саусақтарын қыстырып алуы мүмкін. Есікті ашып/жапқанда, балаларды алыс ұстаңыз.

Микротолқынға қатысты ескерту

Сусындарды микротолқынмен қыздырғанда кенет тасып төгілуі мүмкін, сондықтан сауытты әрқашан абайлап ұстау керек. Сусындарды әрқашан 20 секунд қоя тұрғаннан кейін алыңыз. Қажет болса, қыздыру барысында араластырыңыз. Қыздырып болғаннан кейін әрқашан араластырыңыз.

Бу шалып кетсе, төмендегі алғашқы жәрдем нұсқауларын орындаңыз:

1. Бу шалып кеткен жерді кем дегенде 10 минут суық суға малыңыз.

2. Таза, құрғақ дәкемен жабыңыз.

3. Ешбір крем, май немесе лосьон жақпаңыз.

Науаға немесе торға зақым келтірмеу үшін тағам пісіріп болғаннан кейін суға дереу салмаңыз.

Пешті тағамды майға батырып қуыру үшін пайдаланбаңыз, себебі, май температурасын бақылау мүмкін емес. Нәтижесінде ыстық май тасып төгілуі мүмкін.

Микротолқынды пешке қатысты сақтық шаралары

Микротолқынға төзімді ыдыстарды ғана пайдаланыңыз. Темір сауыттардың ешқайсысын, жиектері алтын немесе күміспен жалатылған ас ыдыстарын, істікті т.б. ешқашан қолданбаңыз.

Темір бауларын алыңыз. Электр тоғы ұшқындауы мүмкін.

Пешті қағаз немесе киім кептіру үшін қолданбаңыз.

Аз тағам қатты ысып және күйіп кетпес үшін қысқа уақытты қолданыңыз.

Қуат сымы немесе ашасын су немесе қызу көздерінен алыс ұстаңыз.

Жарылыс қаупін болдырмау үшін қабығы бар жұмыртқаларды немесе бітеу пісірілген жұмыртқаларды қыздырмаңыз. Тұмшаланып жабылған немесе вакуум сауыттарды, жаңғақтарды, қызанақтарды т.б. қыздырмаңыз.

Желдеткіш саңылауларды киіммен немесе қағазбен бітеменіз. Өрт шығу қаупі бар. Пеш қатты қызып кетіп, автоматты түрде сөніп, әбден суығанша сөнген қалпы тұруы мүмкін.

Тағамды пештен алғанда әрқашан пешке арналған қолғапты қолданыңыз.

Сұйық заттарды қыздырудың орта тұсына келгенде немесе қыздырып болғаннан кейін араластырыңыз және қыздырып болғаннан кейін кенет тасып кетпес үшін 20 секунд қоя тұрыңыз.

Пештің есігін ашқан кезде, ыстық ауа немесе буға күйіп қалмас үшін қолдың ұзындығындай жерде алыс тұрыңыз.

Бос тұрған пешті іске қоспаңыз. Қауіпсіздік мақсатында пеш автоматты түрде 30 минутқа сөнеді. Пеш кенет іске қосылып кетсе микротолқын қуатын сіңіру үшін оның ішіне әрқашан бір стакан су қойып қояды ұсынамыз.

Пешті осы нұсқаулықта берілген қашықтықтарды сақтап орнатыңыз. (Микротолқынды пешті орнату тарауын қараңыз).

Пештің қасында орналасқан розеткаларға басқа электр құрылғыларын қосқан кезде абай болыңыз.

Қауіпсіздік нұсқаулары

Микротолқынды пешті іске қосуға қатысты сақтық шаралары

Төмендегі сақтық шаралары орындалмаса, микротолқын қуатының қатеріне ұшырауыңыз мүмкін.

- Есігі ашық тұрған пешті іске қоспаңыз. Қауіпсіздік бекітпелеріне тиіменіз (есіктің бекітпелері). Қауіпсіздік бекітпесінің саңылауларына ешқашан ешнәрсе сұқпаңыз.
- Пештің есігі мен алдыңғы жағының арасына ештеңе қоймаңыз немесе тығыздағыштарға тағам немесе тазалағыш заттың қалдықтары жиналуына жол бермеңіз. Есік пен есік тығыздағышының беттерін, пешті қолданып болған сайын дымқыл, содан кейін жұмсақ, құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- Зақым келген пешті іске қоспаңыз. Білікті техник жөндегеннен кейін ғана іске қосыңыз.
Маңызды: пештің есігін дұрыс жабу керек. Есік майыспаған болуы керек; есіктің топсалары сынған немесе босап тұрмаған болуы керек; есіктің тығыздағыштарына және тығыздағыш беттеріне нұқсан келмеген болуы керек.
- Барлық түзету және жөндеу жұмыстарын білікті техник іске асыруы керек.

Шектеулі кепілдік

Керек-жарақтарды ауыстыру немесе косметикалық зақымдарды жөндеу жұмыстарын, егер осы зақымдарды пайдаланушы келтірсе Samsung ақылы түрде іске асырады. Бұған келесі жағдайлар жатады:

- Соғылған, сызылған немесе сынған есік, тұтқа, сыртқы панель немесе басқару панелі.
- Сынған немесе жоғалып кеткен науа, сырғыма жол, жалғастырғыш немесе темір тор.

Бұл пешті тек осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсатта ғана қолданыңыз. Бұл пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген «Ескертулер» мен «Қауіпсіздік нұсқауларында», орын алуы ықтимал жағдайлар мен оқиғалардың барлығы бірдей қамтылмаған. Пешті абайлап, сақтықпен орнатуға, күтім көрсетуге, іске қосуға өзіңіз міндеттісіз.

Себебі бұл іске пайдалану нұсқауларында әр түрлі үлгілер қамтылғандықтан, микротолқынды пешіңіздің техникалық сипаттамасы, осы нұсқаулықта көрсетілген пештерден сәл өзгеше болуы және ескерту белгілерінің барлығы бірдей сізге қатысты болмауы мүмкін. Толғандырып жүрген мәселеңіз немесе сұрағыңыз болса, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе www.samsung.com арқылы онлайн ақпарат және көмек алыңыз.

Бұл пешті тағам қыздыру үшін ғана пайдаланыңыз. Бұл пеш үйде қолдануға ғана арналған. Матаны немесе дән толтырылған жастықшаларды қыздырмаңыз. Пешті дұрыс немесе тиісті түрде қолданбау нәтижесінде орын алған зақым үшін өндіруші жауапкершілік көтермейді.

Пеш бетінің бүлінуіне және қауіпті жағдайларға жол бермеу үшін пешті әрқашан таза және жақсы күтіп ұстаңыз.

Құрылғы тобының сипаттамасы

Бұл 2-ші топтағы, В санатына жататын ISM құрылғысы. 2-ші топқа радио-жиіліктегі қуатты электромагнитті сәуле ретінде, материалдарды өңдеу үшін арнайы шығаратын ISM құрылғыларының барлығы, сондай-ақ EDM және доғамен дәнекерлейтін құрылғылар жатады.

В санатына тұрмыста қолдануға арналған немесе төмен кернеулі желіге тіке жалғанған тұрғын үй кешендерінде қолданылатын құрылғылар жатады.

Аталған өнімді дұрыс пайдалану (Электр қуатын шығындау және Электрондық жабдық)



(Жеке қоқыс жинайтын жүйесі бар елдерге қатысты)

Өнімдегі, аксессуардағы немесе нұсқаулықтағы бұл таңбалау өнімді және оның электрондық аксессуарларын (мысалы, қуат беру құрылғысын, құлаққаптың, USB кабелін), олардың қызмет ету мерзімі өткен соң, үйде басқа мақсатта пайдалануға болмайтындығын білдіреді. Қалдықтардың бақыланбайтын пайдаланылуынан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына зиян келтірудің алдын алу үшін бұл заттарды басқа қалдық түрлерінен бөлек алып қойыңыз және оларды материалдық ресурстарды екінші рет пайдалану үшін қолданыңыз.

Үйде пайдаланушылар экологиялық қауіпсіз түрде қайта өңдеу үшін осы өнімді қай жерден және қалай алуға болатынын анықтау мақсатында, осы өнімді сатып алған жердегі ретейлермен немесе оның жергілікті кеңсесімен хабарласуы тиіс.


Іскерлік пайдаланушылар сату-сатып алу шартының талаптары мен ережелерін тексеру үшін өзінің жабдықтаушысымен хабарласуы тиіс. Осы өнім және оның электрондық аксессуарлары жойылатын басқа пайдаланған қаптамалармен араласып кетпеуі тиіс.

Орнату

Керек-жарақтары


Құрылғының қандай үлгісін тандап алғаныңызға қарай, онымен бірге әр түрлі жолмен қолдануға болатын бірнеше керек-жарақ жеткізіледі.

01



- 01 Айналмалы шығырық**, пеш табанының ортасына қойылады.
Мақсаты: Айналмалы шығырық бұрылмалы табақты ұстап тұрады.

02




- 02 Бұрылмалы табак**, айналмалы шығырықтың ортасындағы тетік арқылы жалғастырғышқа қойылады.
Мақсаты: Бұрылмалы табак тамақ пісіретін негізгі орын болып табылады: оны тазалау үшін оңай алуға болады.

ЕСКЕРТПЕ

Микротолқынды пешті айналмалы шығырық пен бұрылмалы табақсыз **ІСКЕ ҚОСПАҢЫЗ**.


Орнатылатын орын



- A. жоғарыдан 20 см
B. артқы жағынан 10 см
C. жанынан 10 см
D. еден мен арасы — 85 см

- Тегіс, деңгейленген және еденнен шамамен 85 см жоғары орын таңдаңыз. Беткі жағы микротолқынды пештің салмағын көтере алатындай болуы керек.
- Желдету үшін артындағы қабырғаға дейін және екі жағында кемінде 10 см, ал үстінде 20 см бос орын қалдырыңыз.
- Микротолқынды пешті басқа микротолқынды пештің немесе радиатордың қасы тәрізді ыстық немесе ылғалды жерге қоймаңыз.
- Бұл микротолқынды пештің қуатпен жабдықтау параметрлеріне сай екеніне көз жеткізіңіз. Міндетті түрде қолдану керек болса, тек рұқсат етілген ұзартқыштарды ғана пайдаланыңыз.
- Микротолқынды пешті ең алғаш іске қоспас бұрын, пештің іші мен тығыздағышын дымқыл шүберекпен тазалаңыз.

Бұрылмалы табак



Пештің ішіндегі орам материалдарының барлығын алыңыз. Айналмалы шығырық пен бұрылмалы табақты орнатыңыз. Бұрылмалы табақтың еркін айнала алатындығына көз жеткізіңіз.

Күтім көрсету

Тазалау

Пештің ішіне немесе үстіне қоқыс жиналып қалмау үшін мезгіл-мезгіл тазалап отырыңыз. Сонымен қатар, есікке, есіктің тығыздағышына және бұрылмалы табаққа және айналмалы шығырыққа (қолданылатын үлгілерге ғана қатысты) аса назар аударыңыз.

Егер есік оңай ашылып немесе жабылмаса, әуелі есіктің тығыздағыштарына қоқыс тұрып қалмағанын тексеріңіз. Пештің ішкі және сыртқы беттерін тазалау үшін жұмсақ шүберек пен сабынды суды пайдаланыңыз. Шайыңыз да, мұқият құрғатыңыз.

Пештің ішіндегі иістенген, қатып қалған қоқыстарды тазалау үшін

1. Пеш бос тұрған кезде, бұрылмалы табақтың ортасына кесеге ерітілген лимон шырынын қойыңыз.
2. Пешті ең жоғары қуат деңгейіне қойып 10 минут қыздырыңыз.
3. Цикл аяқталғаннан кейін пеш салқындағанша күтіңіз. Содан кейін, есікті ашып, тағам пісіретін бөлікті тазалаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Есік пен есіктің тығыздағыштарын таза ұстаңыз және есіктің оңай ашылып жабылатынына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, пештің қолданыс мерзімі қысқаруы мүмкін.
- Пештің саңылауларына су шашыратпау үшін абай болыңыз.
- Тазалау үшін жеміргіш немесе химиялық заттарды пайдаланбаңыз.
- Пешті әр қолданып болған сайын пеш салқындағанша күтіп, жұмсақ жуғыш затты пайдаланып тағам пісіретін бөлікті тазалаңыз.

Ауыстыру (жөндеу)

ЕСКЕРТУ

Бұл пештің ішінде пайдаланушы ағытып алуға болатын ешбір бөлшек жоқ. Пешті өзіңіз жөндеуге немесе бөлшектерін ауыстыруға әрекеттенбеңіз.


- Топсаларға, тығыздағышқа, және/немесе есікке қатысты мәселе туындаса, білікті техникке немесе жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласып, техникалық көмек алыңыз.
- Егер жарықтама шамын ауыстырғыңыз келсе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Өзіңіз ауыстырмаңыз.
- Егер пештің сыртқы корпусына қатысты мәселе туындаса, әуелі қуат сымын қуат көзінен ағытып, содан кейін жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде күтім көрсету

- Егер пешті ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, қуат сымын ағытып, пешті құрғақ, шаңы жоқ жерге қойыңыз. Пештің ішіне жиналып қалатын ылғал және шаң пештің жұмысына әсер етуі мүмкін.

Пештің функциялары

Пеш



- | | | |
|----------------------|---|-------------------|
| 01 Есік | 02 Желдеткіш саңылаулар | 03 Шам |
| 04 Есік бекітпелері | 05 Бұрылмалы табақ | 06 Жалғастырығыш |
| 07 Айналмалы шығырық | 08 Қауіпсіздік бекітпесінің саңылаулары | 09 Басқару панелі |

Басқару панелі



- | | |
|--|--|
| 01 Десерты (Үй десерті) | 02 СВЧ (Микротолқын) |
| 03 Домашние рецепты (Үй рецепті) | 04 Ускоренная разморозка (Жылдам жібіту) |
| 05 Поддержание тепла (Жылы ұстау) | 06 Устранение запахов (Иіс кетіру) |
| 07 Блокировка (3сек) (Құлыптау (3сек)) | 08 Любимый рецепт (Таңдаулы рецепт) |
| 09 Циферблатты тұтқа (салмақ/порция/уақыт) | 10 OK/Сағат |
| 11 Стоп/Эко (Тоқтату/Эко) | 12 Старт/+30с (Бастау/+30с) |

Пешті іске пайдалану


Микротолқынды пеш қалай жұмыс жасайды

Микротолқындар - жоғары жиіліктегі электромагниттік толқындар; бөлінген қуат тағамның түрі мен пішімін өзгертпей пісіруге немесе қыздыруға мүмкіндік береді.

Микротолқынды төмендегі әрекеттер үшін қолдануға болады:

- Жібіту
- Алдын ала қыздыру
- Пісіру

Пісіру принципі.



1. Магнетронды түтіктен шыққан микротолқын, бұрылмалы табақтың үстінде айналып тұрған тағамға біркелкі таралады. Сондықтан да, тағам біркелкі піседі.
2. Микротолқындар тағамның түбіне дейін, шамамен 1 дюймге (2,5 см) дейін сіңеді. Содан кейін қызу тағамның ішінде тарала бастайды да, тағам пісе түседі.
3. Пісіру уақыты қолданылған ыдыс пен тағамның сапасына қарай әртүрлі болады.
 - Мөлшері және тығыздығы
 - Судың мөлшері
 - Бастапқы температурасы (тоңазытқышта болды ма, жоқ па)

ЕСКЕРТПЕ

Қызу таралған кезде тағамның ортасы піседі де, тағам микротолқынды пештен алынғаннан кейін де пісе береді. Рецептте және осы кітапшада көрсетілген тағамды қоя тұру уақытын, келесіні орындау үшін сақтау керек:

- Тағам шетінен ортасына дейін біркелкі піседі.
- Тағамның бәр жеріндегі температура бірдей.

Микротолқынды пештің дұрыс жұмыс жасап тұрғанын тексеру

Келесі қарапайым әрекетті орындау арқылы микротолқынды пештің әрқашан дұрыс жұмыс жасап тұрғанын тексере аласыз. Егер күмәндансаңыз, **33-35** беттеріндегі «Ақаулық себептерін анықтау» атты бөлімді қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Микротолқынды пештің ашасы сәйкес келетін розеткаға жалғанып тұруға тиіс. Бұрылмалы табақ микротолқынды пештің ішінде өз орнында тұру керек. Ең үлкен мәннен (100 % - 800 Вт) басқа қуат мәні қолданылса, суды қайнатуға көбірек уақыт кетеді.

Пеш есігің үстіңгі немесе астыңғы жағындағы тұтқаны тарту арқылы пеш есігін ашыңыз.

Бұрылмалы табаққа бір стақан су қойыңыз. Есікті жабыңыз.



Старт/+30с (Бастау/+30с) түймешігін басып, **Старт/+30с (Бастау/+30с)** түймешігін тиісті бірнеше рет басу арқылы уақытты 4 немесе 5 минутқа орнатыңыз.

Нәтижесі: Пеш суды 4 немесе 5 минут бойы қыздырады.

Осы кезде су қайнап жатуы керек.


Пісіру/Қыздыру

Төменде тағамды қалай пісіруге немесе қыздыруға болатындығы туралы айтылған.


ЕСКЕРТПЕ

- Пешті қараусыз қалдырардың алдында ӘРҚАШАН пісіру параметрлерін тексеріңіз.
- **СВЧ (Микротолқын)** уақытын ең көп дегенде 99 минутқа орнатуға болады.


Есікті ашыңыз. Тамақты айналатын дискінің ортасына қойыңыз. Есікті жабыңыз. Бос тұрған микротолқынды пешті ешқашан қоспаңыз.



1. **СВЧ (Микротолқын)** түймесін басыңыз.
Нәтижесі: 800 Вт (макс. пісіру қуаты) көрсетіледі:
(Микротолқынды режимдер)



2. **Циферблатты тұтқа** бұрап тиісті қуат деңгейін таңдаңыз. (Қуат мәні кестесін қараңыз.) Содан кейін **OK/Сағат** түймесін басыңыз.



3. **Циферблатты тұтқа** бұрау арқылы пісіру уақытын орнатыңыз.
Нәтижесі: Тамақ пісіру уақыты көрсетіледі.
4. **Старт/+30с (Бастау/+30с)** түймесін басыңыз.
Нәтижесі: Пештің шамы жанады да, бұрылмалы табақ айнала бастайды. Пісіру басталады және ол аяқталған кезде:
 - 1) Пеш 4 рет сигнал береді.
 - 2) Пісіру циклінің соңы сигналы 3 рет естіледі (минутына бір рет).
 - 3) Ағымдық уақыт қайта көрсетіледі.

Уақытты орнату


Қуат берілген кезде, дисплейде «88:88», содан кейін «12:00» автоматты түрде көрінеді.

Ағымдық уақытты орнатыңыз. Уақытты 24-сағат немесе 12-сағаттық режим бойынша көрсетуге болады. Сағатты келесі жағдайларда орнату керек:


- Микротолқынды пешті алғаш орнатқанда
- Электр қуаты өшіп қалғанда

ЕСКЕРТПЕ


Жазғы және қысқы уақыттарды ауыстырған кезде сағатты қайта орнатуды ұмытпаңыз.



1. **OK/Сағат** түймесін басыңыз.



2. **Циферблатты тұтқа** бұрау арқылы 24 сағаттық немесе 12 сағаттық мәнді орнатыңыз. Содан кейін **OK/Сағат** түймесін басыңыз.
3. Сағатты орнату үшін **Циферблатты тұтқа** бұраңыз. Содан кейін **OK/Сағат** түймесін басыңыз.
4. Минутты орнату үшін **Циферблатты тұтқа** бұраңыз.



5. Тиісті уақыт көрсетілгенде **OK/Сағат** түймешігін басып сағатты іске қосыңыз.
Нәтижесі: Уақыт микротолқынды пешті пайдаланбаған кезіңізде көрсетіледі.

Пешті іске пайдалану

Қуат деңгейлері және уақыт өзгерістері

Қуат функциясы бөлінетін қуаттың мөлшері мен тағам пісіруге немесе қыздыруға қажетті уақытты, тағамның түрі мен мөлшеріне қарай бейімдеуге мүмкіндік береді. Алты қуат деңгейінен қажетін таңдай аласыз.

Қуат мәні	Пайыз (%)	Шығыс (Вт)
ЖОҒАРЫ	100	800
ОРТАША ЖОҒАРЫ	75	600
ОРТАША	56	450
ОРТАШАДАН ТӨМЕН	38	300
ЖІБІТУ	23	180
ТӨМЕН	13	100

Рецептілерде және осы кітапшада көрсетілген пісіру уақыттары, арнайы көрсетілген қуат мәндеріне сай келеді.


Төмендегілерді таңдасаңыз...	Онда пісіру уақыты төмендегідей болуы керек...
Жоғары қуат мәні	Азайту
Төмен қуат мәні	Қосу

Пісіру уақытын реттеу

Пісіру уақытын, әрбір қосқыңыз келген 30 секунд үшін **Старт/+30с (Бастау/+30с)** түймешігін бір рет басып ұзартуыңызға болады.

СВЧ (Микротолқын) режимінде **Старт/+30с (Бастау/+30с)** түймешігін бассаңыз, пісіру уақыты артады.

- Есікті ашу арқылы кез келген уақытта пісіру процесінің қалай жүріп жатқанын тексеруге болады
- Қалған пісіру уақытын арттырыңыз



1-ші тәсіл

Пісірген кезде пісіру уақытын арттырғыңыз келсе, **Старт/+30с (Бастау/+30с)** түймешігін басқан сайын 30 секундтан қосуға болады.

- Мысалы: Үш минут қосу үшін **Старт/+30с (Бастау/+30с)** түймешігін алты рет басыңыз.

2-ші тәсіл

Пісіру уақытын реттеу үшін **Циферблатты тұтқа** жай бұрау.

- Пісіру уақытын арттыру үшін оңға, ал пісіру уақытын азайту үшін солға бұраңыз.

Пісіруді тоқтату


Келесі әрекетті орындау үшін тағам пісіруді кез келген уақытта тоқтатуға болады:

- Тағамды тексеру
- Тағамды аудару немесе араластыру
- Қоя тұру

Пісіруді тоқтату үшін...	Сосын...
Уақытша	Есікті ашыңыз немесе Стоп/Эко (Тоқтату/Эко) түймесін бір рет басыңыз. Нәтижесі: Пісіру тоқтайды. Қайта жалғастырып пісіру үшін есікті қайта жабыңыз да, Старт/+30с (Бастау/+30с) түймесігін қайта басыңыз.
Біржолата	Стоп/Эко (Тоқтату/Эко) түймесігін бір рет басыңыз. Нәтижесі: Пісіру тоқтайды. Пісіру параметрлерін біржолата тоқтатқыңыз келсе, Стоп/Эко (Тоқтату/Эко) түймесігін қайта басыңыз.

Қуатты үнемдеу режимін орнату

Пештің қуатты үнемдеу режимі бар.



- **Стоп/Эко (Тоқтату/Эко)** түймесігін басыңыз.
Нәтижесі: дисплей өшеді.
- Қуатты үнемдеу режимінен шығу үшін есікті ашыңыз немесе **Стоп/Эко (Тоқтату/Эко)** түймесігін басыңыз, сонда дисплейде сол кезгі уақыт көрсетіледі. Пеш іске қосуға дайын.

⚠ ЕСКЕРТПЕ

Қуатты авт. түрде үнемдеу функциясы



Құрылғы орнату процесінің ортасында болғанда немесе уақытша тоқтау режимінде жұмыс істеп тұрғанда ешбір функцияны таңдамасаңыз, функция тоқтатылады және 25 минуттан кейін сағат көрсетіледі. Есік 5 минут ашық тұрса, пеш шамы өшеді.

Үй десерті пайдалану

Үй десерті алдын ала бағдарламаланған 7 пісіру параметрін қамтиды. Пісіру уақыты немесе қуат мәнін орнатудың қажеті жоқ.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Микротолқынға төзімді сауыттарды ғана пайдаланыңыз.



1. Микротолқынды пештің есігін ашу үшін тұтқаны тартыңыз.
2. Тағамды бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз да, есікті жабыңыз.
3. **Десерты (Үй десерті)** түймесін басыңыз.
4. **Циферблатты тұтқа** бұрап пісіретін тағам түрін таңдаңыз да, сосын **OK/Сағат** түймесігін басыңыз.
 - Қосымша ақпарат үшін «Десерты (Үй десерті) бағдарламасының сипаттамасы» тарауын 14 - 16 беттерден қараңыз.
5. **Старт/+30с (Бастау/+30с)** басып Десерты (Үй десерті) іске қосыңыз.
 - Микротолқынды пеште тағам таңдалған, алдын ала бағдарламаланған параметр бойынша пісіріледі.
 - Пісіру уақыты аяқталғанда, микротолқынды панелінің дисплейінде ағымдық уақыты көрсетіледі. Содан кейін пісіру циклінің соңы туралы сигналы 3 рет минутына бір реттен естіледі.

Пешті іске пайдалану

Келесі кестеде шамамен 7 алдын ала бағдарламаланған пісіру функциялары үшін тағам мөлшері және тиісті нұсқаулар берілген.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Тағамды алған кезде тұшпашеш қолғабын киіңіз.

Десерты (Үй десерті) бағдарламасының сипаттамасы

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
1	Жаңғақ торты	1 порция	Құраластар 120 г ұн, 150 г сары май, 100 г қоңыр қант, 2 дн жұмыртқа, 50 г грек жаңғағы (ұсақталған), 4 г қопсытқыш ұнтақ
			1. Шараға сары май мен қоңыр қантты салыңыз. 2. Жұмыртқаны қосып, жақсылап араластырыңыз. 3. Ұнға қопсытқыш ұнтақты қосып, араластырыңыз. 4. Грек жаңғағын қосып, жақсылап араластырыңыз. 5. Майланған шыны пирекс ыдысқа (тікертбұрыш түріндегі: ені 22 см х қалыңдығы 12 см х биіктігі 7 см) қоспаны құйыңыз. 6. Тостағанды микротолқынды пешке салып, Десерты (Үй десерті) опциясын [1] таңдаңыз. 7. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
2	Банан қосылған нан	1 порция (6 дана)	Құраластар 3 дана банан, 120 г құймақ қоспасы, 120 г сүт, 1 дн жұмыртқа, 2 ас қасық уыт сиробы.
			1. Бананды тураңыз. 2. Шараға құймақ қоспасын, сүтті, жұмыртқаны және уыт сиробын құйыңыз. 3. Бананды қосып, жақсылап араластырыңыз. 4. Қоспаны 6 қағаз тостаққа құйыңыз. 5. Қағаз тостақтарды микротолқынды пешке салып, Десерты (Үй десерті) пісіру функциясын таңдаңыз [2]. 6. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
3	Көтеріліп піскен торт	1 порция	Құраластар 170 г ұн, 50 г сары май, 150 г қант, 3 дн жұмыртқа, 10 г қопсытқыш ұнтақ
			1. Шараға сары май мен қантты салыңыз. 2. Жұмыртқаны қосып, жақсылап араластырыңыз. 3. Ұнға қопсытқыш ұнтақты қосып, араластырыңыз. 4. Қоспаны майланған шыны ыдысқа (шеңбер түріндегі) құйыңыз. 5. Шараны микротолқынды пешке салып, Десерты (Үй десерті) пісіру функциясын таңдаңыз [3]. 6. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
4	Брауни	1 порция	Құраластар 90 г ұн, ½ кесе сары май (еріген), 230 г қант, 2 дн жұмыртқа, 40 г какао ұнтағы
			1. Шараға сары майды, шайқалған жұмыртқаны және қантты салыңыз. 2. Ұнға какао ұнтағын қосып, араластырыңыз. 3. Майланған шыны пирекс ыдысқа (тікертбұрыш түріндегі: ені 22 см х қалыңдығы 12 см х биіктігі 7 см) қоспаны құйыңыз. 4. Шараны микротолқынды пешке салып, Десерты (Үй десерті) пісіру функциясын таңдаңыз [4]. 5. Пісіріп болғаннан кейін, 20-30 минут қоя тұрыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
5	Жұмыртқа пуддингі	1 порция (3 дана)	Құраластар 250 г сүт, 40 г қант, 2 дн жұмыртқа.
			1. Екі жұмыртқаны шараға құйыңыз. Араластырғышпен жұмыртқаны шамалы көпіршітіңіз. Тым көп көпіршіктенбесі үшін араластырғыштың ұшын шараның түбінен жеткізбеңіз. 2. Басқа шараға сүт пен қантты араластырыңыз. 3. Сүтті көпіршітілген жұмыртқаға құйып, қоспаны араластырыңыз. 4. Жұмыртқа қоспасын майда көзді сүзгімен сүзіңіз. Шараның түбін құралмен қырыңыз. Бетіндегі көбікті қасықпен алып тастаңыз. 5. Қоспаны қайнатпа кремі бар тостақтарға құйыңыз. 6. Шараларды микротолқынды пешке салып, Десерты (Үй десерті) опциясын [5] таңдаңыз. 7. Пісіріп болғаннан кейін тоңазытқышқа қойып, үстелге тартыңыз.
6	Тостақтағы шоколад торт	1 порция	Құраластар 30 г сары май, 60 г қант, 1 дн жұмыртқа, 40 г майлы кілегей, 25 г ұн, 15 г какао ұнтағы, 1,5 г ваниль, 50 г төттілігі аз шоколад чипсы
			1. Сары май, жұмыртқа мен кремді жақсылап араластырып, тостаққа құйыңыз. 2. Ұн мен қантты қосып, араластыра беріңіз. 3. Какао мен ванильді қосып, мұқият араластырыңыз. 4. Шоколад чипсыды қосып араластырыңыз. 5. Саптыаяқты (пирекс 500 мл) микротолқынды пешке салып, Десерты (Үй десерті) опциясын [6] таңдаңыз. 6. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
7	Тостақтағы торт	1 порция	Құраластар 30 г сары май, 60 г қант, 1 дана жұмыртқа, 50 г ұн, 30 г сүт, 6 г ваниль, 3 г бадам ұнтағы, 1,5 г қопсытқыш ұнтақ
			1. Сары май, жұмыртқа мен сүтті саптыаяққа (пирекс 500 мл) құйып, жақсылап араластырыңыз. 2. Ұнды, қантты, қопсытқыш ұнтақты қосып, араластыра беріңіз. 3. Бадам ұнтағы мен ванильді қосып, мұқият араластырыңыз. 4. Саптыаяқты (пирекс 500 мл) микротолқынды пешке салып, Десерты (Үй десерті) опциясын [7] таңдаңыз. 5. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.

Пешті іске пайдалану




Үй рецепті сипаттамалары

Домашние рецепты (Үй рецепті) режимінде 55 алдын ала бағдарламаланған пісіру уақыты бар. Пісіру уақыты немесе қуат мәнін орнатудың қажеті жоқ. Порцияның түрін **Циферблатты тұтқаны** бұрап реттеуге болады.

ЕСКЕРТПЕ

Микротолқынға төзімді ыдысты ғана пайдаланыңыз.

Тағамды бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз да, есікті жабыңыз.



- Домашние рецепты (Үй рецепті)** түймесін басыңыз.
- Қажетті санатты таңдау үшін **Циферблатты тұтқа** бұраңыз. Содан кейін **OK/Скафат** түймесін басыңыз.
 - Қосымша ақпарат алу үшін **16-23** беттердегі «**Үй рецепті бағдарламасының сипаттамасы**» бөлімін қараңыз
- Циферблатты тұтқа** бұрап, пісіретін тағам түрін таңдаңыз. Содан кейін **OK/Скафат** түймешігін басыңыз.
- Циферблатты тұтқа** бұрау арқылы порцияны таңдаңыз.
 - Таңдалған мәзірге байланысты сіз тек бір салмақ нұсқасын таңдай алуыңыз мүмкін.
 - Үй рецепті, Көже мен Сусындар үшін салмақты таңдаудың қажеті жоқ.
- СТАРТ/+30с (БАСТАУ/+30сек)** түймесін басыңыз.

Нәтижесі: Тағам таңдалған алдын ала бағдарламаланған параметр бойынша пісіріледі.

 - Пеш 4 рет сигнал береді.
 - Пісіру циклінің соңы сигналы 3 рет естіледі (минутына бір рет).
 - Ағымдық уақыт қайта көрсетіледі.

Келесі кестеде шамамен 55 алдын ала бағдарламаланған пісіру функциялары үшін тағам мөлшері және тиісті нұсқаулар берілген. Ол бағдарламалар тек микротолқын қуатымен жұмыс істейді. Оның құрамына денсаулыққа пайдалы орыс мәзірлері, сорпалар және сусындар кіреді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Тағамды алған кезде тұшпашеш қолғабын киіңіз.

Үй рецепті бағдарламасының сипаттамасы

1. Дұрыс тамақтану

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері (г)	Нұсқаулар
1-1 Дайын тағам (салқындатылған)	350	Керамика табаға салып, микротолқын таспасымен жабыңыз. Бұл бағдарлама 3 құрамдастан тұратын тағамға жарайды (мысалы, соусы бар ет, көкөністер және картоп, күріш немесе макарон сияқты гарнир). 2-3 минут қоя тұрыңыз.
	450	
1-2 Вегетариандық тағам (салқындатылған)	350	Тағамды керамика табаға салып, микротолқын таспасымен жабыңыз. Бұл бағдарлама 2 құрамдастан тұратын тағамға жарайды (мысалы, соусы бар спагетти немесе көкөністер қосылған күріш). 2-3 минут қоя тұрыңыз.
	450	
1-3 Брокколи гүлдері	250	Жас брокколиді жуып тазалап, гүлдерін бөліңіз. Оларды қақпағы бар, шыны шараға біркелкі таратып салыңыз. 250 г пісіру үшін 30 мл (2 ас қасық) су құйыңыз. Шараны бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін араластырыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
1-4 Туралған сәбіз	250	Сәбіздерді шайып, тазалап, біркелкі етіп тураңыз. Оларды қақпағы бар, шыны шараға біркелкі таратып салыңыз. 250 г пісіру үшін 30 мл (2 ас қасық) су құйыңыз. Шараны бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін араластырыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері (г)	Нұсқаулар
1-5 Жасыл бұршақ	250	Жасыл бұршақтарды шайып, тазалаңыз. Оларды қақпағы бар, шыны шараға біркелкі таратып салыңыз. 250 г пісіру үшін 30 мл (2 ас қасық) су қосыңыз. Шыныаяқты бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін араластырыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
1-6 Шпинат	150	Шпинатты шайып, тазалаңыз. Қақпағы бар, шыны ыдысқа салыңыз. Су қоспаңыз. Шыныаяқты бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін араластырыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
1-7 Өзегі алынбаған жүгері	250	Өзегі алынбаған жүгеріні шайып, тазалап, сопақ шыны ыдысқа салыңыз. Микротолқын таспасымен жауып, таспаны тесіңіз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
1-8 Қабығы аршылған картоп	250	Картоптарды жуып, аршып, бірдей етіп тураңыз. Оларды қақпағы бар, шыны ыдысқа салыңыз. 45-60 мл (3-4 ас қасық) су қосыңыз. Шыныаяқты бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-9 Қоңыр күріш	125	Қақпағы бар, үлкен шыны пеш ыдысын қолданыңыз. Суық судан екі есе көп құйыңыз (250 мл). Бетін жауып пісіріңіз. Қоя тұрар алдында араластырыңыз және тұз, дәмдеуіш шөп қосыңыз. 5-10 минут қоя тұрыңыз.
1-10 Еленбеген ұн макарон	125	Қақпағы бар, үлкен шыны пеш ыдысын қолданыңыз. Қайнаған судан 500 мл құйыңыз, бір шөкім тұз салып, жақсылап араластырыңыз. Бетін жаппай пісіріңіз. Араластырғаннан кейін қоя тұрыңыз, содан кейін суын әбден сорғытыңыз. 1 минут қоя тұрыңыз.
1-11 Квиноа	125	Қақпағы бар, үлкен шыны пеш ыдысын қолданыңыз. Суық судан екі есе көп құйыңыз (250 мл). Бетін жауып пісіріңіз. Қоя тұрар алдында араластырыңыз және тұз, дәмдеуіш шөп қосыңыз. 1-3 минут қоя тұрыңыз.

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері (г)	Нұсқаулар
1-12 Булгур	125	Қақпағы бар, үлкен шыны пеш ыдысын қолданыңыз. Суық судан екі есе көп құйыңыз (250 мл). Бетін жауып пісіріңіз. Қоя тұрар алдында араластырыңыз және тұз, дәмдеуіш шөп қосыңыз. 2-5 минут қоя тұрыңыз.
1-13 Тауықтың төс еттері	300	Тағамдарды шайып, керамика табаққа салыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Таспаны тесіңіз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. 2 минут қоя тұрыңыз.
1-14 Күркетауықтың төс еттері	300	Тағамдарды шайып, керамика табаққа салыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Таспаны тесіңіз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. 2 минут қоя тұрыңыз.
1-15 Балықтың балғын филесі	300	Балықты шайып керамика табаққа салып, 1 ас қасық лимон шырынын қосыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Таспаны тесіңіз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
1-16 Жас арқан балықтың қоң еттері	300	Балықты шайып керамика табаққа салып, 1 ас қасық лимон шырынын қосыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Таспаны тесіңіз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
1-17 Жаңа креветка	250	Керамика табақтағы асшаянды жуып, 1 ас қасық лимон шырынын қосыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Таспаны тесіңіз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
1-18 Жас бақтақ	200	1 жаңа, бүтін балықты пештің қызуына төзімді ыдысқа салыңыз. 1 шөкім тұз, 1 ас қасық лимон шырынын және дәмдеуіш шөптерден салыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Таспаны тесіңіз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. 2 минут қоя тұрыңыз.

Пешті іске пайдалану

2. Үй рецепті

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-1 Омлет	130-135 г	Жұмыртқа - 3 дн, сүт - 30 мл, тұз - 2 г
	Нұсқаулар Жұмыртқаға сүт пен тұз қосып көпіршітіп, табаққа құйыңыз. Пісіре бастаңыз.	
2-2 Бұршақ қосылған шұжықшалар	Шұжық - 2 дана Ыстық бұрыш – 132 г	Шұжық – 2 дана әрқайсысы 50 г, сары май – 5 г, қалбырдағы бұршақ – 135 г (құрғақ салмағы)
	Нұсқаулар Шараға терісі тесілген шұжықтарды салыңыз, бетіне пластик қақпақ жаппаңыз, жанына сәл сарымай салыңыз. Майдың үстіне қалбырдағы бұрышты салыңыз. Пісіре бастаңыз.	
2-3 Кекс	180 г	Қант - 45 г, ваниль қосылған қант - 5 г, сары май - 40 г, жұмыртқа - ½ дн, сүт - 30 мл, қопсытқыш ұнтақ - 3 г, бидай – 100 г
	Нұсқаулар Қант, ваниль шекері мен сары майды жақсылап араластырыңыз. Көпіршітілген жұмыртқаны қосыңыз. Қалған құраластардың барлығын қосыңыз. Сары май жағылған шараға салыңыз. Пісіре бастаңыз. Шарадан алмай тұрып суытып алыңыз.	
2-4 Үгітіліп тұрған лимонды шарлар	190 г (5 дана)	Бидай - 100 г, сары май - 50 г, қант - 40 г, жұмыртқаның сарысы - ½ дана, жылы су - 1 ас қасық, безендіруге арналған лимон қабығы: Жұмыртқаның сарысы - 1 дана, безендіргіш шекер - 3-5 г
	Нұсқаулар Барлық құраластарды жақсылап араластырыңыз. Бес булочка жасаңыз. Балауыз қағазға қойыңыз. Бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшапештен сигнал естілген кезде, булочканың үстіне жұмыртқаның сарысын жағып, қанттан сеуіп, пісіруді жалғастырыңыз. Суыту үшін қоя тұрыңыз.	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-5 Мәскеу дәстүрімен балық пісіру	270 г	01 Шампиньон – 30 г, алабұға қоң еті – 150 г, май – 5 г 02 Қышқыл қаймақ - 30 г (2 15 × г) 03 Дөңгелектеп туралған, пісірілген картоп – 2 дана, әрқайсысы 60-70 г, тұз – 5 г, ақ ұнтақ бұрыш – ½ г, үккіштен өткізілген ірімшік – 25 г
	Нұсқаулар Саңырауқұлақтарды табақтағы балықтың жанына салыңыз. Үстіне май тамызыңыз (01). Пісіре бастаңыз. Пештен сигнал естілген кезде қышқыл қаймақтың жартысын салыңыз керамика табаққа (ортасына) (02) салыңыз. Үстіне пісірілген саңырауқұлақтарды салыңыз. Оның үстіне балықты салыңыз. Дәм-татымын келтіріңіз. Айналасына балық пен туралған картопты салыңыз. Картоптың үстіне ірімшікті салыңыз (03). Пісіру үрдісін жалғастырыңыз.	
2-6 Кірпі	220 г	01 Тартылған ет (сиыр және шошқа еті) – 120 г (үшке бөліңіз), пісірілген кәдімгі күріш – 40 г, тұз – 1 г, қара ұнтақ бұрыш – ½ г, ұзыншалап туралған пияз – 20 г, туралған сарымсақ – 3 г, тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су – 100 мл 02 Тұздыққа арналған қоспа: Бидай – 5 г, қызанақ езбесі – 10 г, су – 40 мл
	Нұсқаулар Күрішті тартылған етке қосыңыз. Дәмдеуіштер салып, қолыңызбен жақсылап араластырыңыз. Үш котлета жасаңыз. Пияз мен сарымсақты шара іспетті табаққа салыңыз. Котлеталарды осыған салып, үстіне сорпадан құйыңыз. Табақты пешке салыңыз. 01 Пісіре бастаңыз. Тұздыққа араластырылатын құраластардың барлығын дайындаңыз. 02 Тұмшапештен сигнал естілген кезде, котлеталар салынған еттің сорпасына құраластарды араластырыңыз. Аударыстырып, пісіруді жалғастырыңыз.	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-7 Қара өрік қосылған тауық сирақтары	325 г 2 дана	Ұзыншалап туралған пияз – 15 г, ұзыншалап туралған сәбіз – 20 г, тауықтың сирақтары – 2 дн (160-180 г), қара өрік – 5-7 дн (50 г), тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су – 200 мл
	Нұсқаулар Пияз мен сәбізді шара іспетті табаққа салыңыз. Тауық сирақтарын үстіне салыңыз да, қара өрікті салып, үстіне сорпа құйыңыз. Шараны микротолқынды пешке салыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшапештен сигнал естіле сала аударыңыз да, пісіруді жалғастырыңыз.	
2-8 Қыша соусы қосылған шошқаның мойыны	250 г	01 Шошқаның мойыны – 150 г, үккіштен өткізілген сәбіз – 20 г, ұзыншалап туралған пияз – 20 г, тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су – 100 мл 02 Тұздыққа арналған қоспа: Бидай – 5 г, дижон қышасы – 20 г, қышқыл қаймақ – 30 г, су – 50 мл
	Нұсқаулар Етті ұзыншалап турап, көкөністерді дайындаңыз да, тауық сорпасын (01) қосыңыз. Шара іспетті табаққа салыңыз. Жақсылап араластырыңыз да, пісіре бастаңыз. Тұздыққа (02) араластырылатын құраластардың барлығын дайындаңыз. Тұмшапештен сигнал естілген кезде, еті бар сорпаға құраластарды салып араластырыңыз да, жалғастырып пісіріңіз.	
2-9 Картоп пісірмесі	140-180 г 1-2 дана	Ірі картоп – 160-200 г (1-2 дн)
	Нұсқаулар Картоптарды жуып, қабығын шанышқымен тесіңіз. Микротолқынды пешке салыңыз. Пісіре бастаңыз. Үстелге тарту үшін кесіңіз. Үстелге тартар алдында сары май немесе қышқыл қаймақ немесе ірімшік не т.с.с. қосыңыз.	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-10 Рататуй	260 г	Текшелеп туралған асқабақ – 100 г, текшелеп туралған сәбіз – 60 г, текшелеп туралған болғар бұрышы – 75 г, текшелеп туралған пияз – 45 г, туралған сарымсақ – 6 г, қызанақ езбесі – 10 г, (дәмдеу үшін орегано және базилик), көкөніс сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су – 130 мл
	Нұсқаулар Құраластардың барлығын шараға салыңыз. (Орегано және базиликті қосыңыз). Жақсылап араластырыңыз. Пісіре бастаңыз.	
2-11 Ескі орыс дәстүрімен пісірілген балық	340 г	01 Ұзыншалап туралған қызылша – 30 г, ұзыншалап туралған сәбіз – 30 г, ұзыншалап туралған пияз – 15 г, балық(тауық) сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су – 200 мл 02 Тұздыққа арналған қоспа: Бидай – 10 г, қызанақ езбесі – 10 г, қышқыл қаймақ – 30 г, су – 50 мл 03 Сазан немесе алабұға қоң еті – 150 г, лавр жапырағы – 1 жапырақ
	Нұсқаулар Үлкен шара іспетті табаққа құраластардың барлығын салыңыз да, қайнаған сорпаны құйыңыз. (01) Пісіре бастаңыз. Пештен сигнал естіле сала, тұздыққа арналған қоспаларды көкөністерге және сорпаға жақсылап араластырыңыз. (02) Балық пен лавр жапырағын (03) қосыңыз. Пісіру үрдісін жалғастырыңыз.	
2-12 Бұқтырылған арқан балықтың көбелек пішінді стейгі	125 г	Көбелек тәрізді арқан балық стейгі – 150-170 г, тұз – 1 г, су – 20 г (лимон/апельсин – 10 г, қаласаңыз шырынын сығыңыз)
	Нұсқаулар Арқан балық стейгін дәмдеңіз. Табаққа салып, су қосыңыз. (Қаласаңыз балшырын қосыңыз). Микротолқынды пешке салып, пісіре бастаңыз.	

Пешті іске пайдалану

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-13 Сарымай, жұмыртқа соусы қосылған, бұқтырылған нәлім	120 г + 53 г тұздық	Нәлім филесі – 140-150 г (немесе алабұғаның қоң еті), лимон – 10 г (шырынын сығыңыз), тұз – 1 г, су – 30 г, лавр жапырағы – 1 дана, тұздық : Бітеу пісірілген жұмыртқа – 20 г (½ жұмыртқа), туралған балдыркөк – 3-5 г, сары май – 30 г (микротолқын 800 Вт – 1 мин)
	Нұсқаулар Балық филесінің дәмін келтіріңіз. Табаққа салып, су қосыңыз. Микротолқынды пешке салып, пісіре бастаңыз. Тұздықты жеке дайындаңыз. Жұмыртқаны пісіріп, кішкене текшеге бөліңіз. Балдыркөкті турап, сары майды ысытыңыз. Барлық қоспаларды араластырыңыз да, балықтың үстіне салыңыз.	
2-14 Көкөніс қосып бұға пісірілген күркетауық	315 г	Күркетауық қоң еттері – 150 г, ұзыншалап туралған асқабақ – 50 г, ұзыншалап туралған пияз – 15 г, ұзыншалап туралған сәбіз – 20 г, тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су – 150 мл
	Нұсқаулар Шараға құраластардың барлығын салыңыз да, қайнаған сорпаны құйыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшашаптен сигнал естілген кезде, аударыңыз да, көкөністерді араластырып пісіруді жалғастырыңыз.	
2-15 Қызанақ пен ірімшік қосылған алабұға	150 г	Алабұға филесі – 80-100 г (немесе сазан), майонез – 10 г, тұз – 1 г, дөңгелектеп туралған қызанақ – 50 г, үккіштен өткізілген ірімшік – 20 г
	Нұсқаулар Балық филесіне майонез жағыңыз, тұздаңыз. Үстіне қызанақ салыңыз, тіс тазалағыш істікшені қолданыңыз. Үстіне ірімшік қойыңыз. Табаққа салып, пісіре бастаңыз. Тіс тазалағыш істікшені алыңыз.	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-16 Көкөніс қосылған бақтақ	210-240 г	Сары май – 10 г (2 x 5 г), ұзыншалап туралған сәбіз – 35 г, ұзыншалап туралған пияз – 25 г, туралған сарымсақ – 3 г, туралған сельдерей жапырақтары – 5 г, бақтақ – 1 дана – 220-250 г, тұз – 1 г, ақ ұнтақ бұрыш – ½ г, сары май – 5 г
	Нұсқаулар Балауызды қағаздың ортасын майлаңыз. Сәбіз, пияз, сарымсақ және сельдерейді үстіне салыңыз. Көкөністердің үстіне дәм-татымы келтірілген бақтақты салыңыз. Балықтың үстіне май салыңыз. Қапқа жабыңыз. Микротолқынды пешке қойып, пісіре бастаңыз.	
2-17 Ет толтырылған болгар бұрышы	480-500 г 2 дана	01 Болгар бұрышы – 2 дана, әрқайсысы 80 г, тартылған ет (сиырдың және шошқаның) – 150-190 г (екі бөлікке бөліңіз), пісірілген кәдімгі күріш – 10-20 г, тұз – 5 г, қара ұнтақ бұрыш – ½ г, сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат – 200 мл 02 Тұздыққа арналған қоспа: Бидай - 5 г, қызанақ езбесі - 10 г, су - 50 мл
	Нұсқаулар Күрішті тартылған етке қосыңыз. Дәмдеуіштер салып, қолыңызбен жақсылап араластырыңыз. Бұрыштың өзегі мен дөңдерін алыңыз. Бұрышқа ет толтырыңыз. Шараға салып, сорпаны құйыңыз (01). Пісіре бастаңыз. Тұздыққа (02) араластырылатын құраластардың барлығын дайындаңыз. Тұмшашаптен сигнал естілген кезде, тұздықты ет толтырылған бұрыштар салынған сорпаға құйыңыз. Аударыстырып, пісіруді жалғастырыңыз.	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-18 Бұға пісірілген арқан балық	150-170 г	Сүйегі мен терісі алынбаған арқан балық филесі – 200-250 г, тұз – 1 г, лимон – 15 г (шырынын сығыңыз), су – 20 г
	Нұсқаулар Арқан балық стейгін дәмдеңіз. Табаққа салып, су қосыңыз. Микротолқынды пешке салып, пісіре бастаңыз.	

3. Көже

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3-1 Ботқа	260 г	Кебір орыс ботқасы «Геркулес» - 50 г, қант – 5 г, тұз – 0,5 г, қайнаған су – 200 мл, суық сүт – 100 мл
	Нұсқаулар Шыныаяқ тәрізді ыдысқа құрғақ ботқаны, қант пен тұзды салыңыз. Қайнап тұрған судан және сүттен қосып, жақсылап араластырыңыз. Пісіре бастаңыз.	
3-2 Солянка	340 г	01 Ұзыншалап туралған пияз – 45 г, сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су – 350 мл 02 Каперс – 7 г, үккіштен өткізілген тұздалған қияр – 50 г, қызанақ еzbесі – 10 г, қара зәйтүн – 16 г, қара зәйтүн сұйығы – 20 мл, лавр жапырағы 1 дана, түрлі ет – 30 г, сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су – 300 мл
	Нұсқаулар Үлкен шараға пияздан салып, қайнап тұрған сорпаны (01) құйыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшапештен сигнал естілген кезде келесі құраластарды (02) салыңыз. Жақсылап араластырып, сорпадан құйып, лавр жапырағын салыңыз да, жалғастырып пісіріңіз.	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3-3 Борщ	340 г	01 Туралған қызылша - 50 г, ұзыншалап туралған қырыққабат - 20 г, туралған сәбіз - 15 г, ұзыншалап туралған пияз - 10 г, қызанақ ezbесі - 15 г, қант – 5 г 02 Сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су – 650 мл, лавр жапырағы 1 жапырақ, егер қаласаңыз 5 мл 9 %-дық сіркесу
	Нұсқаулар Үлкен шараға құраластардың (01) барлығын салыңыз да, қайнаған сорпаны (сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат - 650 мл) және лавр жапырағын қосыңыз. Пісіре бастаңыз.	
3-4 Тауық етінен жасалған көже	350 г	Вермишель – 10 г, тауықтың қоң еті – 50 г, туралған сәбіз – 15 г, ұзыншалап туралған пияз – 10 г, тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 440 мл
	Нұсқаулар Үлкен шараға вермишельді салыңыз да, қайнаған сорпаны құйыңыз. Қалған құраластардың барлығын қосыңыз. Жақсылап араластырып, пісіре бастаңыз.	
3-5 Азу	250 г	01 Шошқаның туралған мойыны – 170 г, ұзыншалап туралған пияз – 20 г, тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су – 100 мл 02 Тұздыққа арналған қоспа: Бидай - 5 г, қызанақ ezbесі - 15 г, су - 50 мл, тұздалған, үккіштен өткізілген қияр - 30 г
	Нұсқаулар Шара іспетті табаққа ет пен пиязды салыңыз да, сорпаны құйыңыз. (01) Пісіре бастаңыз. Пештен сигнал естілген кезде аударыңыз да, (02) көкөністі, сорпа мен етті «тұздықпен араластырыңыз». Араластырып, пісіруді жалғастырыңыз.	

Пешті іске пайдалану

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3-6 Көкөніс сорпасы	350 г	Мұздатылған көкөністер – 150 г, көкөніс сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су – 300 мл
	Нұсқаулар Үлкен шараға құраластардың барлығын салыңыз да, қайнаған сорпаны құйыңыз. Пісіре бастаңыз.	
3-7 Кәріс рамән кеспесі	120 г (1 орам)	Кәріс рамән кеспесі 1 орам, су (бөлме температурасында) – 550 мл
	Нұсқаулар Орамды ашып, кеспені салыңыз, судың барлығын құйып (550 мл), микротолқынға төзімді шыныаяққа құйыңыз. Жақсылап араластырыңыз. Таспамен жауып, бірнеше жерінен тесіңіз. Содан кейін микротолқынды пешке салып, пісіре бастаңыз.	
3-8 Тұшпарасы бар сорпа	185 г (15 дана)	Мұздатылған тұшпара – 15 дана (біреуі 10-12 г), тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 600 мл, бүтін қара бұрыш – 3-5 дана, лавр жапырағы – 1 дана.
	Нұсқаулар Үлкен шараға құраластардың барлығын салыңыз да, қайнаған сорпаны құйыңыз. Әбден араластырыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұшпапештен сигнал естіле сала аударыңыз да, пісіруді жалғастырыңыз.	
3-9 Қарақұмық	200 г	Қарақұмық – 100 г, тұз – 2 г, қайнаған су – 300 мл
	Нұсқаулар Шыныаяқ тәрізді ыдысқа қарақұмық мен тұзды салыңыз. Қайнап тұрған судан қосып, жақсылап араластырыңыз. Пісіре бастаңыз.	

4. Сусындар

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
4-1 Лимон және жалбыз қосылған шай	200-250 мл	Су - 200 мл, жапырақ шай - 0,5 шай қасық, лимон - 1 тілім, жалбыз - бірнеше жапырақ
	Нұсқаулар Шай жапырақтарын, 1 тілім лимон және жалбыз жапырақтарын суға қосыңыз. Қақпақ жаппай қыздырыңыз. Пешке қоя тұрыңыз. Кесені алған кезде абайлаңыз. Сүзіңіз.	
4-2 Ыстық шарап (Глнтвейн)	150-200 мл	Құрғақ қызыл шарап - 150 мл, апельсин - 20 г, лимон - 10 г, қант - 10 г, дәмқабық - 1 тал, сарымсақ түйірі - 1 г
	Нұсқаулар Барлық құраластарды араластырыңыз. Қақпақ жаппай қыздырыңыз. Қайнатпаңыз. Пешке қоя тұрыңыз. Кесені аларда абайлаңыз.	
4-3 Дәмқабық және бал қосылған шай	200-250 мл	Су - 200 мл, дәмқабық - ½ ас қасық, бал - 1 ас қасық
	Нұсқаулар Дәмқабықты суға қосыңыз. Қақпақ жаппай қыздырыңыз. Пешке қоя тұрыңыз. Кесені алған кезде абайлаңыз. Жылы болғанша салқындатыңыз. Бал қосыңыз.	
4-4 Сүт және кардамон (масала) қосылған шай	200-250 мл	Жапырақ шай – 1 шай қасық, сүт – 100 мл, су – 100 мл, зімбір – ½ шай қасық, кардамон – 1 дана, дәмқабық – ½ шай қасық, қант – 2
	Нұсқаулар Су мен сүтті араластырып, дәмдеуіштерді, шай жапырақтарын қосыңыз. Қақпақ жаппай қыздырыңыз. Пешке қоя тұрыңыз. Кесені алған кезде абайлаңыз. Сүзіңіз.	
4-5 Жидек сусыны	200-250 мл	Су - 200 мл, қант - дәмге қарай, жас жидектер - 1 ас қасық.
	Нұсқаулар Жидектерді суға қосып, қантты дәм-татымына қарай қосыңыз. Қақпақ жаппай қыздырыңыз. Пешке қоя тұрыңыз. Кесені алған кезде абайлаңыз.	

Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
4-6 Зімбір мен лимон қосылған шай	200-250 мл	Су – 200 мл, қант – дәміне қарай, лимон – 1 тілім, имбирь – дәміне қарай, шай жапырақтары – 0,5 шай қасық.
	Нұсқаулар Шай жапырақтарын суға қосып, лимон тілімін салып, имбирьді дәм-татымына қарай сүзіп қосыңыз. Қақпақ жаппай қыздырыңыз. Пешке қоя тұрыңыз. Кесені алған кезде абайлаңыз.	
4-7 Какао	200-250 мл	Сүт – 200 мл, қант – 2 шай қасық, какао – 1 шай қасық.
	Нұсқаулар Какао мен қантты сүтке қосыңыз. Қақпақ жаппай қыздырыңыз. Пешке қоя тұрыңыз. Кесені аларда абайлаңыз.	
4-8 Ыстық шоколад	350-400 мл	Қара шоколад – 100 г, сүт немесе қаймақ (10 %) – 250 мл, су – 1-2 ас қасық, қант – дәміне қарай, көпіршітілген крем – дәміне қарай.
	Нұсқаулар Шоколадты үккіштен өткізіңіз. Су және сүт қосып араластырыңыз. Қоспаға айналғанша көпіршітіңіз. Қақпақ жаппай қыздырыңыз. Пешке қоя тұрыңыз. Кесені алған кезде абайлаңыз.	
4-9 Мүжидектен жасалған морс	200 мл	Мұздатылған мүжидек – 40 г, қант – 30 г, су – 200 мл
	Нұсқаулар Мұздатылған мүжидекті тартыңыз. Құраластардың барлығын шараға салыңыз. Пісіре бастаңыз. Суытып, сорғытыңыз.	
4-10 Құрғақ жеміс компоты	200 мл	Кептірілген сары өрік – 25 г, өрік – 20 г, кептірілген алма – 15 г, қант – 10 г, лимон қышқылы – 2 шөкім, қайнаған су – 450 мл
	Нұсқаулар Үлкен шараға құраластардың барлығын салыңыз да, қайнаған судан құйыңыз. Пісіре бастаңыз.	


Жылдам жібіту функцияларын пайдалану

Ускоренная разморозка (Жылдам жібіту) функциялары етті, құс етін, балықты, мұздатылған көкөністерді және мұздатылған нанды жібітуге мүмкіндік береді. Жібіту уақыты мен қуат мәні автоматты түрде орнайды. Тек бағдарлама мен салмақты таңдасаңыз жеткілікті.


ЕСКЕРТПЕ

Микротолқынға төзімді сауыттарды ғана пайдаланыңыз.


Есікті ашыңыз. Мұздатылған тағамды бұрылмалы табақтың ортасындағы керамика табаққа қойыңыз. Есікті жабыңыз.



1. **Ускоренная разморозка (Жылдам жібіту)** түймесін басыңыз.



2. **Циферблатты тұтқа** бұрап, пісіретін тағам түрін таңдаңыз. Содан кейін **OK/Cancel** түймесін басыңыз.



3. **Циферблатты тұтқа** бұрау арқылы порцияны таңдаңыз. (Келесі беттегі кестені қараңыз)
4. **Старт/+30с (Бастау/+30с)** түймесін басыңыз.
Нәтижесі:
 - Жібіту басталады.
 - Жібіту кезінде микротолқынды пеш тағамды аудару керектігін ескерту үшін сигнал береді.
5. Жібітуді аяқтау үшін **Старт/+30с (Бастау/+30с)** түймесін қайта басыңыз.
Нәтижесі:
 - 1) Пеш 4 рет сигнал береді.
 - 2) Пісіру циклінің соңы сигналы 3 рет естіледі (минутына бір рет).
 - 3) Ағымдық уақыт қайта көрсетіледі.

Пешті іске пайдалану

Төмендегі кестеде әр түрлі **Ускоренная разморозка (Жылдам жібіту)** бағдарламалары, тағамның үстелге тартылатын мөлшері, қоя тұру уақыты мен тиісті нұсқаулар берілген. Тағамды жібітудің алдында орам материалдарының барлығын алыңыз. Етті, құс етін, балықты, көкөністерді және нанды жалпақ шыны ыдысқа немесе керамика табаққа салыңыз.


Код/Тағам	Үстелге тарту мөлшері (г)	Нұсқаулар
1 Ет	200-1500	Шеттерін алюминий фольгамен жабыңыз. Пеш сигнал берген кезде етті аударыңыз. Бұл сиыр, қой, шошқа етін, стейк, туралған ет, фаршталған етті пісіруге жарайтын бағдарлама. 20-60 минут қоя тұрыңыз.
2 Құс еті	200-1500	Сирақтары мен қанаттарының ұшын алюминий фольгамен жабыңыз. Пеш сигнал берген кезде құс етін аударыңыз. Бұл бүтін тауықты да, сонымен қатар бөлшектелген тауық етін де пісіруге жарайтын бағдарлама. 20-60 минут қоя тұрыңыз.
3 Балық	200-1500	Бүтін балықтың құйырығын алюминий фольгамен жабыңыз. Пеш сигнал берген кезде балықты аударыңыз. Бұл бүтін балықты да, балық филесін де пісіруге жарайтын бағдарлама. 20-60 минут қоя тұрыңыз.
4 Мұздатылған көкөністер	200-1500	Мұздатылған көкөністерді шыны табаққа біркелкі таратып салыңыз. Пеш сигнал берген кезде мұздатылған көкөністерді аударыңыз немесе араластырыңыз. Бұл мұздатылған көкөністердің барлық түрлеріне жарайтын бағдарлама. 5-20 минут қоя тұрыңыз.
5 Нан	200-1500	Нанды ас үй қағазына көлденеңінен салыңыз да, пеш сигнал берген кезде аударыңыз. Тортты керамика табаққа салыңыз және мүмкін болса пеш сигнал берген кезде аударыңыз. (Пеш жұмыс істеп тұрады және есігін ашқан кезде тоқтайды.) Бұл туралған немесе тұтас нанның барлық түрлеріне, сондай-ақ тоқаш пен багеттерге сай келетін бағдарлама. Тоқаштарды шеңбер бойымен орналастырыңыз. Бұл ашытқылы қамырдан жасалған майқоспаның, чизкейктің және қатпарлы қамырдың барлық түрлеріне жарайтын бағдарлама. Ол үгілмелі/қыртысы қатты қамырға, жеміс торттары мен кілегейлі торттарға, сондай-ақ шоколад қосылған тортқа жарамайды. 10-30 минут қоя тұрыңыз.

Жылы ұстау функцияларын пайдалану

Поддержание тепла (Жылы ұстау) функциясы тағамды үстелге тартқанша ыстық қалпы ұстайды. Тағамды үстелге тартқанша ыстық қалпы ұстау үшін осы функцияны пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Жылы ұстау уақыты 99 минут деп көрсетілген.
- Жылы ұстау уақыты ең көбі 99 минутқа созылады.



- Поддержание тепла (Жылы ұстау) түймесін басыңыз.



- Старт/+30с (Бастау/+30с) түймесігін басыңыз. **Нәтижесі:** 99 минут көрсетіледі.
 - Тағамды жылытуды тоқтату үшін есікті ашыңыз немесе **Стоп/Эко (Тоқтату/Эко)** түймесін басыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Бұл функцияны суық тағамдарды қыздыру үшін қолданбаңыз. Бұл бағдарламалар жаңа ғана пісірілген тағамды жылы ұстауға арналған.
- Тамақты тым ұзақ (1 сағаттан артық) жылы ұстамаған жөн, себебі ол пісе береді. Жылы тамақ тезірек бұзылады.
- Қақпақтармен немесе пластик таспамен жаппаңыз.
- Тағамды алған кезде тұмшашапеш қолғабын киіңіз.

Иісті кетіру функцияларын пайдалану

Бұл функцияларды иісі күшті шығатын тағам пісіргеннен кейін немесе пештің іші қатты түтіндеп кеткен кезде қолданыңыз.

Алдымен пештің ішін тазалаңыз.




Тазалап болған соң **Устранение запахов (Иіс кетіру)** түймешігін басыңыз. **Устранение запахов (Иіс кетіру)** түймешігі басылған бойда операция автоматты түрде басталады. Ол аяқталғанда, пеш төрт рет сигнал береді.

ЕСКЕРТПЕ

- Иіс кетіру уақыты 5 минут деп көрсетілген. **Старт/+30с (Бастау/+30с)** түймешігі басылған сайын ол 30 секундқа артады.
- Иіс кетіру уақыты ең көп дегенде 15 минутқа созылады.

Құлыптау функцияларын пайдалану

Микротолқынды пешіңіз арнайы бала құлпы бағдарламасымен жабдықталған. Бала немесе пештен хабары жоқ адам оны байқаусызда пайдаланбауы үшін ол пешті «құлыптау» мүмкіндігін береді.



1. **Блокировка (3сек) (Құлыптау (3сек))** түймешігін 3 секунд басып тұрыңыз.

Нәтижесі:

- Пешке құрсау салынады (ешбір функцияны таңдау мүмкін емес).
- Бейнебетте «L» көрсетіледі.





2. Пештің құлпын ашу үшін **Блокировка (3сек) (Құлыптау (3сек))** түймешігін қайтадан 3 секунд басыңыз.

Нәтижесі: Пешті әдеттегідей қолдана беруге болады.

Таңдаулы рецепт функцияларын пайдалану

Бірдей тамақ түрлерін жиі пісірсеңіз немесе қыздырсаңыз, пісіру уақыттары мен қуат мәндерін пештің жадына сақтауға болады, сонда әр тапсырысты орындаған сайын оларды қайта орнатудың қажеті болмайды.

Екі түрлі параметрді сақтауға болады.



1. Пісіру бағдарламасын әдеттегідей орнатыңыз (пісіру уақыты мен қуат мәні). Қажет болса, Пісіру/қыздыру бетін қайта қараңыз.

2. **Любимый рецепт (Таңдаулы рецепт)** түймешігін басыңыз, содан кейін **Циферблатты тұтқа** бұрау арқылы сақтағыңыз келетін бағдарламаны таңдаңыз.

P1 : бірінші параметр

P2 : екінші параметр

3. Параметрді орнатып болу үшін **OK/Cancel** түймешігін басыңыз. Не болмаса **Старт/+30с (Бастау/+30с)** түймешігін басып бағдарламаны дереу іске қосыңыз.

Нәтижесі: Параметріңіз енді пештің жадында сақталды.

ЕСКЕРТПЕ


Мысалы : P1 параметріне Микротолқынды пеш режимін, 600 Вт қуатын және 3 минут уақытын сақтағыңыз келсе.

- СВЧ (Микротолқын)** түймешігін басыңыз.
- Циферблатты тұтқа** бұрау арқылы қуатты 600 Вт етіп орнатыңыз. Содан кейін **OK/Cancel** түймесін басыңыз.
- Циферблатты тұтқа** бұрау арқылы пісіру уақытын 3 минутқа орнатыңыз.
- Любимый рецепт (Таңдаулы рецепт)** түймешігін басып, P1 параметрін таңдаңыз.
- Параметрді орнатып болу үшін **OK/Cancel** немесе **Старт/+30с (Бастау/+30с)** түймешігін басыңыз.

Пешті іске пайдалану

Таңдаулы рецепт параметрін пайдалану жолы


Тағамды бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз да, есікті жабыңыз.



1. **Любимый рецепт (Таңдаулы рецепт)** түймешігін басыңыз, содан кейін **Циферблатты тұтқаны** бұрап бағдарламаны таңдаңыз.

P1 : бірінші параметр


P2 : екінші параметр



2. **Старт/+30с (Бастау/+30с)** түймешігін басыңыз.
Нәтижесі: Тамақ сұралғандай дайындалады.

Сигнал құралын өшіру

Сигнал беретін құралды кез келген уақытта өшіріп қоюға болады.



1. **Блокировка (3сек) (Құлыптау (3сек))** және **Стоп/Эко (Тоқтату/Эко)** түймешіктерін бірге басыңыз.
Нәтижесі: Пеш функцияның аяқталғанын білдіру үшін дыбыстық сигнал бермейді.
2. Сигналды қайта қосу үшін **Блокировка (3сек) (Құлыптау (3сек))** және **Стоп/Эко (Тоқтату/Эко)** түймешіктерін қайтадан бірге басыңыз.
Нәтижесі: Пеш әдеттегідей жұмыс істейді.

Ыдысқа қатысты нұсқаулар

Микротолқынды пеште тағам пісіру үшін, микротолқындар ыдысқа шағылыспай немесе ыдысқа сіңбей тағамнан өте алатындай болуға тиіс.

Сондықтан да, ыдыс-аяқты дұрыс таңдау қажет. Микротолқынға төзімді деген белгісі бар ыдысты алаңсыз қолдана беруге болады.

Келесі кестеде әр түрлі ыдыс түрлері және оларды микротолқынды пеште қалай қолдануға болатындығы көрсетілген.

Ыдыс-аяқ	Микротолқынға төзімді	Түсіндірме
Алюминий фольга	✓X	Тағамның осал жерлері қатты пісіп кетпес үшін, кішкене қағаздармен жабыңыз. Фольга пештің қабырғасына тым жақын қойылса немесе тым көп фольга қолданылса электр жарқылы пайда болуы мүмкін.
Жұқа табақ	✓	8 минуттан артық қыздырмаңыз.
Фарфор және керамика	✓	Фарфор, керамика, безендірілген керамика мен қатты фарфор ыдыстарды, жиегі металл болмаса әдетте қолдана беруге болады.
Бір рет қолданылатын полиэфир картон ыдыстар	✓	Кейбір мұздатылған тағамдар осындай ыдыстарға оралады.
Фастфуд орамдары	✓	Тағамды жылыту үшін қолдануға болады. Қатты қыздырса, полистирол еріп кетуі мүмкін.
• Полистирол кеселер мен сауыттар	✓	Өртеніп кетуі мүмкін.
• Қағаз қалта немесе газет	X	Электр жарқылы пайда болуы мүмкін.
• Өңдеуден өткізілген қағаз немесе ыдыстың металл жиегі	X	
Шыны ыдыс	✓	Металл жиегі болмаса, қолдана беруге болады.
• Пеш-үстелде бірдей қолданылатын ыдыс	✓	Тағам немесе сусындарды жылыту үшін қолдануға болады. Осал шыны ыдыс кенет қыздырған кезде сынып немесе жарылып кетуі мүмкін.
• Осал шыны ыдыс	✓	

Микротолқындар

Микротолқын қуаты тағамға енеді де, оның құрамындағы су, май және қантқа сіңеді. Микротолқындар тағамның құрамындағы молекулаларды жылдам қозғалтуға себеп болады. Молекулалардың жылдам қозғалысы үйкеліс тудырады да, пайда болған қызудың көмегімен тағам піседі.

Пісіру

Микротолқынмен пісіруге арналған ыдыс-аяқ:

Ыдыстар микротолқын қуатын барынша өткізетін болуға тиіс. Тот баспайтын темір, алюминий және мыс тәрізді металдар микротолқындарды шағылыстырады, бірақ микротолқын керамика, шыны, фарфор және пластик, сонымен қатар қағаз бен ағаштан өте алады. Сондықтан, металл сауыттарда ешқашан тағам пісірмеу керек.

Микротолқынды пеште пісіруге болатын тағам:

Тағамның көптеген түрін, атап айтқанда тоңазытылған көкөніс, жеміс, макарон, күріш, дән, бұршақ, балық, ет тәрізді тағамдардың көпшілігін микротолқынды пеште дайындауға болады. Соус, горчица, сорпа, бу пуддингі, консервленген тағам және көкөніс котлеттерін микротолқынды пеште пісіруге болады. Жалпы айтқанда, кәдімгі пеште пісірілетін тағамның бәрін пісіру үшін микротолқын керемет жарайды. Сарымай немесе шоколадты еріту, мысалы (ақыл-кеңес, тәсілдер берілген тарауды қараңыз).

Пісіріліп жатқан тағамның бетін жабу

Тағамды бетін жауып пісірген өте маңызды, себебі буланған су тағамға қосылып оны пісіруге көмектеседі. Тағамды бірнеше әдіспен жабуға болады: мысалы, керамика қақпақпен, пластик қақпақпен немесе микротолқынға төзімді жылтыр қағазбен.

Қоя тұру уақыты

Пісіріп болғаннан кейін, температура тағам бойына біркелкі таралу үшін пеште қоя тұру керек.

Ыдыс-аяқ	Микротолқынға төзімді	Түсіндірме
• Шыны банка	✓	Қақпағын алу керек. Тек тағамды жылытуға жарайды.
Металл		
• Ыдыстар	✗	Электр жарқылы немесе өрт шығуы мүмкін.
• Тоңазытқышта тұратын тағам қалтасын қыстырғыш	✗	
Қағаз		
• Табақтар, кеселер, майлықтар және ас үй қағазы	✓	Тағамды аз уақыт пісіру немесе жылыту үшін. Сонымен қатар, артық ылғалды сіңіру үшін.
• Өңделген қағаз	✗	Электр жарқылы пайда болуы мүмкін.
Пластик		
• Сауыттар	✓	Қызуға төзімді термопластик болса әсіресе сай келеді. Кейбір пластиктер жоғары температурада майысып, түсі өзгеріп кетуі мүмкін. Меламин пластигін қолданбаңыз.
• Жылтыр қағаз	✓	Ылғалды ұстап тұру үшін қолдануға болады. Тағамға тигізбеу керек. Жылтыр қағазды алғанда абай болыңыз, ыстық бу шарлуы мүмкін.
• Тоңазытқыш қалталар	✓✗	Қайнатуға немесе пешке төзімді болса. Ауа өткізбейтін болмауға тиіс. Қажет болса, шанышқымен тесіңіз.
Балауыз немесе май өткізбейтін қағаз	✓	Тағам шашырамас үшін және ылғалды ұстап тұру мақсатында қолдануға болады.

✓ : Ұсынылады ✓✗ : Сақтықпен пайдаланыңыз ✗ : Қауіпсіз емес

Тағам пісіруге қатысты ақыл-кеңес

Тоңазытылған көкөністер пісіруге қатысты ақыл-кеңес

Қақағы бар, жарамды шыны пирекс ыдысын қолданыңыз. Аз уақыт пісірілетін тағамның бетін жабыңыз – кестеге қараңыз. Қалаған нәтижеге жету үшін пісіруді жалғастырыңыз. Пісіріп жатқан кезде екі рет, пісіріп болғаннан кейін бір рет араластырыңыз. Пісіріп болғаннан кейін тұз, шөп немесе сары май қосыңыз. Бетін жауып қоя тұрыңыз.

Тағам	Үстелге тарту мөлшері (г)	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Шпинат	150	600	4½-5½
	Нұсқаулар 15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
Брокколи	300	600	9-10
	Нұсқаулар 30 мл (2 ас қасық) суық су қосыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
Бұршақ	300	600	7½-8½
	Нұсқаулар 15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
Жасыл бұршақ	300	600	8-9
	Нұсқаулар 30 мл (2 ас қасық) суық су қосыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
Аралас көкөністер (Сәбіз/Бұршақ/Жүгері)	300	600	7½-8½
	Нұсқаулар 15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
Аралас көкөністер (Қытай дәстүрі бойынша)	300	600	8-9
	Нұсқаулар 15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		

Жас көкөністер пісіруге қатысты ақыл-кеңес

Қақағы бар, жарамды шыны пирекс ыдысын қолданыңыз. Егер судың мөлшері басқаша көрсетілмесе, әрбір 250 г-ға 30-45 мл суық су қойыңыз (2-3 ас қасық) – кестеге қараңыз. Аз уақыт пісірілетін тағамның бетін жабыңыз – кестеге қараңыз. Қалаған нәтижеге жету үшін пісіруді жалғастырыңыз. Пісіріп жатқанда бір рет, пісіріп болғаннан кейін бір рет араластырыңыз. Пісіріп болғаннан кейін тұз, шөп немесе сары май қосыңыз. Бетін жауып 3 минут қоя тұрыңыз.

Ақыл-кеңес: Жас көкөністерді біркелкі етіп тураңыз. Неғұрлым кішірек етіп турасаңыз, соғұрлым тезірек піседі.

Тағам	Үстелге тарту мөлшері (г)	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Брокколи	250	800	4-4½
	500		7-7½
Брюссель орамжапырағы	250	800	5½-6½
	Нұсқаулар Гүлдерін бірдей етіп бөліңіз. Сабақтарын ортаға қаратып салыңыз. 3 минут қоя тұрыңыз.		
Сәбіз	250	800	4½-5
	Нұсқаулар Сәбіздерді бірдей мөлшерде кесіңіз. 3 минут қоя тұрыңыз.		
Түрлі-түсті орамжапырақ	250	800	5-5½
	500		8½-9
Кәдіш	250	800	3½-4
	Нұсқаулар Кәдішті жапырақтап тураңыз. 30 мл (2 ас қасық) су қойыңыз немесе бір түйір май салыңыз. Жұмсақ болғанша пісіріңіз. 3 минут қоя тұрыңыз.		

Тағам	Үстелге тарту мөлшері (г)	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Баклажан	250	800	3½-4
	Нұсқаулар Баклажанды кішкенелеп турап, 1 ас қасық лимон шырынын себіңіз. 3 минут қоя тұрыңыз.		
Порей пиязы	250	800	4½-5
	Нұсқаулар Порей пиязын қалың етіп жапырақтап тураңыз. 3 минут қоя тұрыңыз.		
Саңырауқұлақ	125	800	1½-2
	250		3-3½
	Нұсқаулар Бүтін кішкене саңырауқұлақтарды немесе туралған саңырауқұлақтарды алыңыз. Су қоспаңыз. Лимон шырынын себіңіз. Тұз, бұрыш салыңыз. Үстелге суын сорғытқаннан кейін тартыңыз. 3 минут қоя тұрыңыз.		
Пияз	250	800	5½-6
	Нұсқаулар Пияздарды тураңыз немесе екіге бөліңіз. Тек 15 мл (1 ас қасық) су қосыңыз. 3 минут қоя тұрыңыз.		
Бұрыш	250	800	4½-5
	Нұсқаулар Бұрышты кішкенелеп бөліңіз. 3 минут қоя тұрыңыз.		
Картоп	250	800	4-5
	500		7½-8½
	Нұсқаулар Қабығы аршылған картоптың салмағын өлшеп алып, кішкенелеп екіге немесе төртке бөліңіз. 3 минут қоя тұрыңыз.		
Кольраби орамжапырағы	250	800	5-5½
	Нұсқаулар Кольраби орамжапырағын кішкене текшелерге бөліңіз. 3 минут қоя тұрыңыз.		

Күріш және макарон пісіруге қатысты ақыл-кеңес

Күріш: Қақпағы бар үлкен шыны пирекс ыдысын қолданыңыз – пісірген кезде күріш екі есеге дейін өседі. Бетін жауып пісіріңіз.

Пісіріп болғаннан кейін, қоя тұрар алдында араластырыңыз немесе шөп не сарымай қосыңыз.

Ескертпе: пісіру уақыты өткеннен кейін күріш судың барлығын сіңірмеуі мүмкін.

Паста: Үлкен шыны пирекс шыныаяғын қолданыңыз. Қайнаған судан құйыңыз, бір шөкім тұз салып, жақсылап араластырыңыз. Бетін жаппай пісіріңіз.

Пісіріп жатқанда, пісіріп болғаннан кейін ара-тұра араластырыңыз. Бетін жауып қоя тұрыңыз, содан кейін суын әбден сорғытыңыз.

Тағам	Үстелге тарту мөлшері (г)	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Ақ күріш (Бұға ұсталған)	250	800	16-17
	Нұсқаулар 500 мл суық су қосыңыз. 5 минут қоя тұрыңыз.		
Қоңыр күріш (Бұға ұсталған)	250	800	21-22
	Нұсқаулар 500 мл суық су қосыңыз. 5 минут қоя тұрыңыз.		
Аралас күріш (Күріш + Жабайы күріш)	250	800	17-18
	Нұсқаулар 500 мл суық су қосыңыз. 5 минут қоя тұрыңыз.		
Аралас жүгері (Күріш + Дақыл)	250	800	18-19
	Нұсқаулар 400 мл суық су қосыңыз. 5 минут қоя тұрыңыз.		
Макарон	250	800	11-12
	Нұсқаулар 1000 мл ыстық су қосыңыз. 5 минут қоя тұрыңыз.		

Тағам пісіруге қатысты ақыл-кеңес

Қыздыру

Микротолқынды пеш тағамды әдеттегі конвекция пеші немесе электр пештерінде жұмсалатын уақыттың аз мөлшерін ғана пайдаланып тағамды лезде қыздырады. Төмендегі кестеде көрсетілген қуат мәні мен қыздыру уақыттарын жалпылама нұсқау ретінде қолданыңыз. Кестедегі уақыт сұйық тағам +18-ден +20 °C дейінгі бөлме температурасында, немесе тоңазытылған тағамның температурасы +5 градустан +7 °C градус деген есеппен берілген.

Орналастыру және бетін жабу

Еттің үлкен кесегі тәрізді үлкен тағамдарды қыздырмаңыз – олардың ішкі жағы піскенше сырты қатты пісіп, кебірісіп қалуы мүмкін. Тағамды кішкене мөлшерде қыздырсаңыз, нәтижесі соғұрлым жақсырақ болады.

Қуат мәндері және тағамды араластыру

Кейбір тағамды 800 Вт қуатты қолданып, кейбірін 600 Вт, 450 Вт немесе тіпті 300 Вт қуатты қолданып қыздыруға болады. Кестедегі ұсыныстарды қараңыз. Жалпы, тағам баппен пісіруді қажет етсе, үлкен мөлшерде дайындалса немесе тез қызып кететіндей болса (мысалы, фарш қосылған бәліш), бұндай тағамдарды төмен қуатпен қыздырған дұрыс. Жақсылап араластырыңыз немесе қыздырып жатқан кезде аударыңыз. Мүмкін болса, үстелге қоярдың алдында тағы да араластырыңыз. Сұйық тағам немесе баланың тағамын қыздырғанда ерекше абай болыңыз. Сұйық тағам кенет тасып төгіліп, адам соған күйіп қалмас үшін, тағамды қыздырардың алдында және қыздырып болғаннан кейін араластырыңыз. Оларды микротолқынды пештің ішіне, қоя тұру уақыты аяқталғанша қоя тұрыңыз. Пластик қасық немесе шыны қалақты сұйық заттарға салып қояуды ұсынамыз. Тағамды қатты қыздырудан (іске алғысыз болмас үшін) сақ болыңыз. Пісіру уақытын аз есептеп, қажет болса, қосымша уақыт қосып қоя тұрыңыз.

Қыздыру және қоя тұру уақыттары

Тағамды алғаш рет қыздырғанда, сол уақытты бұдан кейін қажет кезде қарап жүру үшін жазып қойған дұрыс. Қыздырылған тағамның әрқашан ыстық буы бұрқырап тұрсын. Тағамды қыздырып болғаннан кейін біраз уақыт қоя тұрыңыз – температура тағам бойына біркелкі таралу үшін. Қыздырып болғаннан кейін, егер кестеде басқаша көрсетілмесе, тағамды 2-4 минут қоя тұруды ұсынамыз.

Сұйық тағам немесе баланың тағамын қыздырғанда ерекше абай болыңыз. Сонымен қатар, сақтық шаралары қамтылған тарауды да қараңыз.

Сұйықтарды қыздыру

Температура тағам бойына біркелкі тарау үшін пешті сөндіргеннен кейін тағамды әрқашан, кем дегенде 20 секунд қоя тұрыңыз. Қажет болса, қыздырып жатқанда және қыздырып болғаннан кейін де ӨРҚАШАН араластырыңыз. Кенет тасыған тағамға күйіп қалмас үшін, қасық немесе шыны қалақты сусынның ішіне салып қояу керек, қыздырып жатқанда және оның алдында, қыздырып болғаннан кейін араластырыңыз.

Бала тағамын қыздыру

Баланың тағамы:

Шұңғыл керамика табаққа салыңыз. Пластик қақпақпен жабыңыз. Қыздырып болғаннан кейін жақсылап араластырыңыз! Берердің алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз. Қайта араластырыңыз, температурасын тексеріңіз. Мына температурадағы сүтті беруге болады: 30-40 °C аралығындағы.

Балаға берілетін сүт:

Сүтті зарарсыздандырылған шыны бөтелкеге құйыңыз. Бетін жаппай қыздырыңыз. Баланың шөлмегін ешқашан еміздігін алмай қыздырмаңыз, себебі қатты қызған шөлмек жарылып кетуі мүмкін. Шайқаңыз да, қоя тұрыңыз, берердің алдында қайта шайқаңыз ! Балаға берілетін сүт немесе тағамның температурасын әрқашан тексеріп барып беріңіз. Мына температурадағы сүтті беруге болады: қ/а. 37 °C.

Ескертпе:

Өсіресе баланың тағамын, бала күйіп қалмас үшін мұқият тексеру керек. Төмендегі кестеде көрсетілген қуат мәндері мен уақыттарды тағам қыздыру үшін нұсқау ретінде қолданыңыз.

Сұйықтарды және тағамдарды қыздыру

Осы кестедегі қуат мәндері мен уақыттарды қыздыру үшін нұсқау ретінде қолданыңыз.

Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Сусындар (Кофе, Шәй және Су)	150 мл (1 кесе)	800	1-1½
	250 мл (1 тостақ)		1½-2
Көже (Салқындатылған)	Нұсқаулар Кесеге құйып, бетін жаппай қыздырыңыз. Кесе/кружканы бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Қоя тұру уақыты келгенде микротолқынды пеште ұстаңыз да, жақсылап араластырыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.		
	250 г	800	3-3½
Бұқтырылған тағам (Салқындатылған)	Нұсқаулар Шұңғыл керамика табаққа салыңыз. Пластик қақпақпен жабыңыз. Қыздырып болғаннан кейін жақсылап араластырыңыз. Үстелге тартардың алдында тағы да араластырыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
	350 г	600	5½-6½
Соус қосылған макарон (Салқындатылған)	Нұсқаулар Бұқтырылған тағамды шұңғыл керамика табаққа салыңыз. Пластик қақпақпен жабыңыз. Ара-тұра араластыра отырып қыздырыңыз, қоя тұру, үстелге тартудың алдында қайта араластырыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
	350 г	600	4½-5½
Соус қосылған, толтырмасы бар макарон (салқындатылған)	Нұсқаулар Макаронды (мысалы, спагетти немесе вермишель) жалпақ керамика табаққа салыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Үстелге тартардың алдында араластырыңыз. 3 минут қоя тұрыңыз.		
	350 г	600	5-6

Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Табаққа салынған тағам (Салқындатылған)	350 г	600	5½-6½
	Нұсқаулар 2-3 тоңазытылған тағам қосымшаларынан тұратын тағамды керамика табаққа салыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. 3 минут қоя тұрыңыз.		

Баланың тағамы мен сүтін қыздыру

Осы кестедегі қуат мәндері мен уақыттарды тағам қыздыру үшін нұсқау ретінде қолданыңыз.

Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Қуат (Вт)	Уақыт
Баланың тағамы (Көкөніс + ет)	190 г	600	30 сек
	Нұсқаулар Шұңғыл керамика табаққа салыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін араластырыңыз. Берердің алдында жақсылап араластырып, температурасын мұқият тексеріңіз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
Балаға арналған ботқа (Дән + сүт + жеміс)	190 г	600	20 сек
	Нұсқаулар Шұңғыл керамика табаққа салыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін араластырыңыз. Берердің алдында жақсылап араластырып, температурасын мұқият тексеріңіз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		
Балаға берілетін сүт	100 мл	300	30-40 сек
	200 мл		50 сек - 1 мин дейін.
	Нұсқаулар Жақсылап араластырып немесе шайқап, зарарсыздандырылған бөтелкеге құйыңыз. Бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Бетін жаппай пісіріңіз. Жақсылап шайқап, кем дегенде 3 минут қоя тұрыңыз. Берердің алдында жақсылап араластырып, температурасын мұқият тексеріңіз. 2-3 минут қоя тұрыңыз.		

Тағам пісіруге қатысты ақыл-кеңес

Қолмен жібіту

Микротолқындар мұздатылған тағамды жібітуге тамаша жарайды. Микротолқындар мұздатылған тағамдарды аз уақыт ішінде баппен жібеді. Бұл күтпеген жерде қонақ келе қалған жағдайда, сізге үлкен көмек.

Мұздатылған құс етін әбден жібітіп барып пісіру қажет. Металл сымдары болса алып, орамынан шығарып, аққан сұйықты сорғытыңыз.

Мұздатылған тағамды ыдысқа салыңыз, қақпақ жаппаңыз. Орта шегіне келгенде аударыңыз, сұйығы болса дереу ағызыңыз.

Тағамды жиі-жиі тексеріп, жылып кетпегеніне көз жеткізіңіз.

Мұздаған тағамның кішкене және жұқа бөліктері қыза бастаса, оларды кішкене алюминий фольгадан жасалған таспамен орап қоюға болады.

Құс етінің сыртқы жағы қыза бастаса, жібітуді тоқтатыңыз да, 20 минут күте тұрып, содан кейін жалғастырыңыз.

Балық, ет және құс етін әбден жібіту үшін қоя тұрыңыз. Тағамды әбден жібітуге қажетті уақыт, жібітілетін тағамның мөлшеріне қарай әртүрлі болады. Төмендегі кестеге қараңыз.

Ақыл-кеңес: Жалпақ тағам қалың тағамға қарағанда, кішкене тағам, үлкен тағамдарға қарағанда тез жібиді. Тағамды мұздату мен жібіту кезінде осы кеңесті есте ұстаңыз.

Температурасы шамамен -18-ден -20 °С дейінгі мұздатылған тағамдарды жібіту үшін төмендегі кестеге сүйеніңіз.

Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Ет			
	Фаршталған ет	250 г 500 г	180 180
Шошқа стейгі	250 г	180	7½-8½
	Нұсқаулар Етті жалпақ керамика табаға қойыңыз. Жұқа жерлерін алюминий фольгамен жабыңыз. Жібітудің орта тұсына келгенде аударыңыз! 5-25 минут қоя тұрыңыз.		

Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Қуат (Вт)	Уақыт (мин.)
Құс еті Тауықтың кесек еттері	500 г (2 дана)	180	14½-15½
	900 г	180	28-30
Бүтін тауық	Нұсқаулар Алдымен, тауық еттерінің терісі бар жақтарын төмен қаратып салыңыз, бүтін тауықтың төсін керамика табаққа қаратып салыңыз. Қанаттарының ұштары тәрізді жұқа жерлерін алюминий фольгамен жабыңыз. Жібітудің орта тұсына келгенде аударыңыз! 15-40 минут қоя тұрыңыз.		
Балық Балық филесі	250 г (2 дана) 400 г (4 дана)	180	6-7 12-13
	Нұсқаулар Мұздатылған балықты керамика табақтың ортасына салыңыз. Жұқа жерлерін қалың жерлерінің астына салыңыз. Жіңішке ұштарын алюминий фольгамен жабыңыз. Жібітудің орта тұсына келгенде аударыңыз! 5-15 минут қоя тұрыңыз.		
Жеміс Жидек	250 г	180	6-7
	Нұсқаулар Жемістерді жалпақ, дөңгелек шыны ыдысқа (диаметрі үлкен) салыңыз. 5-10 минут қоя тұрыңыз.		
Нан Булочкалар (әрбірі шамамен 50 г) Тост наны/Сэндвич Неміс наны (Бидай + қарабидай ұны)	2 дана 4 дана	180	½-1 2-2½
	250 г	180	4½-5
	500 г	180	8-10
	Нұсқаулар Булочкаларды дөңгелетіп немесе нанды көлденеңінен, бұрылмалы табақтың ортасына қойылған ас үй қағазына салыңыз. Жібітудің орта тұсына келгенде аударыңыз! 5-20 минут қоя тұрыңыз.		

Ақаулық себептерін анықтау

Төмендегі ақаулықтардың бірі орын алса, көрсетілген шешімдерді қолданып түзетіп көріңіз.

Ақаулық	Себебі	Әрекет
Жалпылама ақпарат		
Түймелер дұрыс басылмайды.	Түймелердің арасына бөгде заттар қыстырылып қалуы мүмкін.	Бөгде затты алып, қайталаңыз.
	Тақ үлгілері үшін: Сыртқы бетіне ылғал тұрған.	Сыртқы бетіндегі ылғалды сүртіңіз.
	Бала қауіпсіздігінің құралы қосұлы.	Бала қауіпсіздігінің құралын сөндіріңіз.
Уақыт көрсетілмейді.	Эко (қуат үнемдеу) функциясы орнатылған.	Эко функциясын сөндіріңіз.
Пеш жұмыс істемей тұр.	Тоқ қосылмаған.	Тоқтың қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
	Есік ашық тұр.	Есікті жауып, қайта қосыңыз.
	Есіктің қауіпсіздік механизмдеріне бөгде зат тұрып қалуы мүмкін.	Бөгде затты алып, қайталаңыз.
Пеш жұмыс істеп тұрып тоқтап қалады.	Пайдаланушы тағамды аудару үшін есікті ашқан.	Тағамды аударғаннан кейін жұмысты бастау үшін Старт/+30с (Бастау/+30с) түймесін қайта басыңыз.

Ақыл-кеңес

Қатқан балды еріту

20 г қатқан балды кішкене, шұңғыл шыны ыдысқа салыңыз.
300 Вт қуатпен 20-30 секунд бал ерігенше қыздырыңыз.

Желатинді еріту

Құрғақ желатин тақталарын (10 г) суық суға 5 минут салып қойыңыз.
Суы сорғыған желатинді кішкене, шыны пирекс ыдысына салыңыз.
300 Вт қуат бойынша 1 минут қыздырыңыз.
Ерітіп болғаннан кейін араластырыңыз.

Безендіргіш қоспа даярлау/Әрлеу (торттарға арналған)

Жылдам безендіргіш қоспаларға (шамамен 14 г) 40 г қант және 250 мл суық су араластырыңыз.
Бетін жаппай пирекс шыны ыдысқа салып, 3½-4½ минут 800 Вт қуатпен, безендіргіш қоспа мөлдір болғанша пісіріңіз. Пісіріп жатқанда екі рет араластырыңыз.

Тосап қайнату

600 г жемісті (мысалы, аралас жидек) өлшемі сай келетін, қақпағы бар пирекс ыдысына салыңыз. 300 г қант салып, жақсылап араластырыңыз. Бетін жауып 10-12 минут 800 Вт қуатпен пісіріңіз.
Қайнатып жатқанда бірнеше рет араластырыңыз. Бұрама қақпағы бар тосап банкасына тура құйыңыз.
Қақпағын 5 минут жауып қоя тұрыңыз.

Пуддинг/Қайнатпа пісіру

Пуддинг ұнтағына, өндіруші нұсқауларына сай қант пен сүт қосып (500 мл), жақсылап араластырыңыз.
Қақпағы бар, жарамды шыны пирекс ыдысын қолданыңыз. Бетін жауып 6½-7½ минут 800 Вт қуатпен пісіріңіз.
Қайнатып жатқанда бірнеше рет жақсылап араластырыңыз.

Бадам жаңғағын қызарту

30 г жапырақталып туралған бадам жаңғағын, орташа үлкендіктегі керамика табаға біркелкі таратып салыңыз.
3½-4½ минут 600 Вт қуат бойынша қызартып жатқанда бірнеше рет араластырыңыз.
Пеш ішіне 2-3 минут қоя тұрыңыз. Пештен зат аларда пеш қолғабын киіңіз!

Ақаулық себептерін анықтау және ақпарат коды

Ақаулық	Себебі	Әрекет
Жұмыс істеп тұрған кезде тоқ сөніп қалады.	Пеш ұзақ уақыт бойы тағам пісіріп тұрған.	Ұзақ уақыт тағам пісіргеннен кейін пешті салқындатыңыз.
	Желдеткіш жұмыс істемей тұр.	Желдеткіштің шуылын естіңіз.
	Тағам салмай пешті қолдануға әрекет еттіңіз.	Тағамды пешке салыңыз.
	Пештің ішінде ауа айналатын жеткілікті орын жоқ.	Пештің алдыңғы және артқы жағында желдетуге арналған ауа кіретін/ шығатын саңылаулар бар. Құрылғыны орнату нұсқаулығында көрсетілген орындарды сақтаңыз.
	Бір розеткаға бірнеше аша қосылған.	Бір розетканы пешке арнаңыз.
Жұмыс жасап тұрғанда тырс-тырс еткен дыбыс естіледі, содан кейін пеш жұмыс істемейді.	Тұмшаланған тағам пісіргенде немесе қақпағы бар сауытты пайдаланғанда тырс-тырс еткен дыбыс шығуы мүмкін.	Тұмшаланған сауыттарды пайдаланбаңыз, себебі ішіндегілер үлкейіп пісіру барысында жарылып кетуі мүмкін.
Пештің сырты жұмыс кезінде өте ыстық.	Пештің ішінде ауа айналатын жеткілікті орын жоқ.	Пештің алдыңғы және артқы жағында желдетуге арналған ауа кіретін/ шығатын саңылаулар бар. Құрылғыны орнату нұсқаулығында көрсетілген орындарды сақтаңыз.
	Пештің үстінде заттар бар.	Пештің үстіндегі заттарды алыңыз.
Есік дұрыс ашылмайды.	Есік пен пештің ішіне тағам қалдығы қыстырылып қалған.	Пешті тазалап, содан кейін есігін ашыңыз.
Қыздыру, соның ішінде Жылы ұстау функциясы дұрыс жұмыс істемейді.	Пеш жұмыс істемеуі мүмкін, себебі өте көп тағам пісірілуде немесе жарамсыз ыдыс қолданылған.	Микротолқынға төзімді ыдысқа бір кесе су құйып, судың қызатын-қызбайтынын тексеру үшін микротолқынды пешті 1-2 минут қосыңыз. Тағамның мөлшерін азайтып, функцияны қайта бастаңыз. Табаны жалпақ сауытты пайдаланыңыз.

Ақаулық	Себебі	Әрекет
Жібіту функциясы жұмыс істемей тұр.	Өте көп тағам пісірілген.	Тағамның мөлшерін азайтып, функцияны қайта бастаңыз.
Ішкі жарықтама шам күңгірт болып тұр, бірақ жанбайды.	Есік ұзақ уақыт ашық қалған.	Эко функциясы қосылғанда ішкі шам автоматты түрде сөнуі мүмкін. Есікті жауып қайта ашыңыз немесе Стоп/Эко (Тоқтату/Эко) түймесін басыңыз.
	Ішкі шамды басқа зат жауып қалған.	Пештің ішін тазалап, қайта тексеріңіз.
Тағам пісіру барысында сигнал естіледі.	Егер Автоматты түрде пісіру функциясы қолданылса, сигнал жібіту кезінде тағамды аударатын уақыт келгенін ескертеді.	Тағамды аударғаннан кейін жұмысты қайта бастау үшін Старт/+30с (Бастау/+30с) түймесін қайта басыңыз.
Пеш дұрыс деңгеленген жоқ.	Пеш тегіс жерге орнатылмаған.	Тегіс, орнықты жерге пештің орнатылғанына көз жеткізіңіз.
Пісіру барысында жарқыл пайда болады.	Пеш/жібіту функциялары кезінде темір сауыттар пайдаланылған.	Темір сауыттарды қолданбаңыз.
Тоқ қосылған кезде пеш дереу жұмыс істей бастайды.	Есік дұрыс жабылмаған.	Есікті жауып, қайта тексеріңіз.
Пештен тоқ соғады.	Қуат немесе қуат розеткасы жерге дұрыс қосылмаған.	Қуат немесе қуат розеткасының жерге дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
1. Су тамшылайды. 2. Есіктің саңылауынан бу шығады. 3. Микротолқынды пеште су қалады.	Кей жағдайда тағам түріне қарай су немесе бу пайда болуы мүмкін. Бұл пештің ақауы емес.	Пешті салқындатып, содан кейін құрғақ сүлгімен сүртіңіз.

Ақаулық	Себебі	Әрекет
Пештің ішінің жарығы әр түрлі.	Функция түріне қарай, қуат шығысының өзгеруіне байланысты жарықтылық өзгереді.	Тағам пісіру барысында қуат шығысы өзгерсе ақаулық болып табылмайды. Бұл пештің ақауы емес.
Тағам пісіру аяқталды, бірақ желдеткіш әлі жұмыс істеп тұр.	Пешті желдету үшін тағам пісіріп болғаннан кейін желдеткіш шамамен 3 минут жұмыс істеп тұрады.	Бұл пештің ақауы емес.
Бұрылмалы табақ		
Бұрылмалы табақ айналып тұрғанда орнынан шығып кетеді немесе айнамай тоқтап қалады.	Айналмалы шығырық жоқ немесе айналмалы шығырық орнына дұрыс салынбаған.	Айналмалы шығырықты салып, қайта көріңіз.
Айналатын диск айналған кезде ілініп қалады.	Айналмалы шығырық орнына дұрыс салынбаған, тым көп тағам салынған немесе сауыт өте үлкен және микротолқынды пештің ішкі жағына тиеді.	Тағамның мөлшерін реттеңіз және өте үлкен сауыттарды пайдаланбаңыз.
Бұрылмалы табақ айналғанда тарсылдайды және шуыл шығарады.	Тағам қалдығы микротолқынды пештің табанына тұрып қалған.	Микротолқынды пештің табанына жабысқан тағам қалдығын алыңыз.

Ақпарат коды

Ақпарат коды	СЕБЕБІ	Әрекет
C-d0	Басқару түймешіктері 10 секундтан астам басылған.	Тетіктерді тазалап, тетіктің айналасында су бар-жоғын тексеріңіз. Бұл жағдай қайта орын алса, микротолқынды пешті 30 секунд сөндіріп, параметрді қайта орнатып көріңіз. Қайта орын алса, жергілікті SAMSUNG тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер ұсынылған шешім мәселені шешуге көмектеспесе, жергілікті SAMSUNG тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Техникалық параметрлері

SAMSUNG компаниясы әрқашан өз өнімдерін үздіксіз жақсартып отыруды көздейді. Сондықтан да, дизайн спецификациялары мен пайдаланушы нұсқаулықтары еш ескертусіз өзгертіледі.

Үлгі	MS23DG4504A***
Қуат көзі	230 В ~ 50 Гц АТ
Тұтынылатын қуат Микротолқын	1250 Вт
Қуат шығысы	100 Вт / 800 Вт - 6 деңгей (IEC-705)
Жұмыс жиілігі	2450 МГц
Өлшемдері (Е x Б x Т) Сырты Пештің іші	489 x 275 x 377 мм 330 x 211 x 324 мм
Сыйымдылығы	23 литр
Салмағы Нетто	Шамамен 12,2 кг

Жадынама




Символ Көдендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.



Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

Қалыпты жағдайда
қолдануға арналған
Қолдану мерзімі: 7 жыл

Жадынама





Өндіруші: Samsung Electronics Co., Ltd / Самсунг Электроникс Ко., Лтд

Өндірушінің мекенжайы: (Маатан-донг) 129, Самсунг-ро, Йонгтонг-гу, Сувон-си, Гйонгги-до, Корея, 16677

Зауыттың мекенжайы: ЛОТ 2, ЛЕБУХ 2, НОРС КЛАНГ СТРЕЙТС, ЭРИА 21, ИНДАСТРИАЛ ПАРК, 42000 ПОРТ КЛАНГ, СЕЛАНГОР ДАРУЛ ЭСАН, МАЛАЙЗИЯ

Өнімнің өндірілген жердің атауы: Малайзия

Импорттаушы және Қазақстан Республикасының аймағында пайдаланушылардың кінәрат-талаптарын қабылдайтын мекеме: «Samsung Electronics Central Eurasia» (Самсунг Электроникс Центральная Евразия) ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050000, Желтоқсан көшесі, 115, 3-қабат

Импорттер и организация, принимающая претензии на территории Республики Казахстан: ТОО «Samsung Electronics Central Eurasia» (Самсунг Электроникс Центральная Евразия) Республика Казахстан, город Алматы, 050000, улица Желтоқсан, 115, 3 этаж

Samsung кепілдігіне құрылғының жұмысын түсіндіру үшін шалынған қоңыраулар, теріс орнатылған құрылғыны түзету немесе қалыпты тазалау немесе күтім көрсету жұмыстары кірмейді.

СҰРАҚТАРЫҢЫЗ НЕМЕСЕ ҰСЫНЫСТАРЫҢЫЗ БАР МА?

ЕЛ	ҚОҢЫРАУ ШАЛҢЫЗ	НЕМЕСЕ МЫНА САЙТҚА БАРЫҢЫЗ
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com/ru/support
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.com/ru/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/ge/support
ARMENIA	0-800-05-555	www.samsung.com/ru/support
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	www.samsung.com/az/support
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/kz_ru/support
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799, 0799 (Uztelecom))	www.samsung.com/uz_ru/support
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	www.samsung.com/kz_ru/support
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7779)	www.samsung.com/kz_ru/support
MONGOLIA	1800-25-55	www.samsung.com/kz_ru/support

